




Болат ҚОЖАХМЕТОВ

Жыр
борайды



Болат ҚОЖАХМЕТОВ

ЖЫР
БОРАЙДЫ

Петропавл қаласы
2009 жыл

ББК 84 (5Каз)7-5

Қ-56 .

Қ-56 **Жыр борайды.** - Петропавл, 2009 жыл. 136 бст

ISBN 9965-21-218-X

Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Болат Қожахметов дәуір бейнесін көңіл күйімен кестелейтіндіктен, уақытқа, оқиғаға тікелей сипаттама немесе баға беруден ада. Дәуірдің торешісі мен ақылшысы болмай, замандастарымен сырласатыны да содан. Қуанышынан қайғысы басым өмір оның өлеңдерінде жылдың төрт маусымы тәрізді алмасып отырады.

Ақынның нақ осы болмыс-бітімін паш ететін жаңа кітабы атына заты сай: сиясы әлі кеспеген, тақырыбы енді ғана қойылған тың туындылар көлдің құстарындай көп-ақ. Соңғы үш-төрт жылдың азды-көпті жемісі болып табылатын басқа да өлеңдері, әрине, ойып тұрып орып алады. Сондай-ақ ақынның XX ғасырдың соңғы ширегін қамтыған алуан-алуан аудармаларын поэзияның жәдігерлеріне балаңыздар.


560688

ББК 84 (5Каз)7-5

К $\frac{4702250202}{00(05) -02}$

ISBN 9965-21-218-X

© Б.Қожахметов, 2009



ЖЫР БОРАЙДЫ

Ақындарды
болсаңыздар ұғар бір,
Қалам – таяқ:
түртіп қалсаң – шығар жыр!
Ал шабыт ше?
Қалықтаған ол құс қой!
Ойлай ма екен –
оқырманы мұны әрбір?
Бірі – жерді,
бірі – көкті кезеді,
екі ортада сияқты –
жыр өзегі...
Қалам – таяқ
шабыт-құсқа ере алмай,
есік ашпас –
кейде сырлы сөз елі.
Қалам-таяқ аспайды –
пәс қарқыннан,
қолға қона бермес –
шабыт шарқ ұрған.
Ойға оралған
жырды жазып үлгермей,
Айырылады –
аршылмаған алтыннан.

Мейлі, мейлі!..
Көкірегі – тұнған жыр!

Оның жыры –
долы боран, мұң жаңбыр.
Қыста – қары,
жазда – жаңбыр селдетіп,
Шақырады –
арман деген бір даңғыл.
Беу, сол жаққа
қоймайды бір самғамай!
Білмейді рас:
қашан және дәл қалай?
Кенеп шаттық
күтуменен келеді, –
көкжиектен көрінгенде
таңғы арай...

Құмырсқаның илеуіндей
қаланы-ай!..
Шыға алмайды,
шақырса да дала бай.
Көптің бірі,
төбесі де көрінбес,
аяулы ақын
бұртияды баладай.

Ал егерде
сәті түссе сапардың, –
күрт өзгерер –
атар таң мен батар күн.
Ақын, жазда –
жаңбырыңды әкелдің,

Қыстыгүні –
бораныңды апардың!
Жұт емес, құт
бұл боран мен бұл жаңбыр!
Бұл –
жүректе жазылмаған бұлғаң жыр.
Жолға шықса –
борай-борай жауады,
қаңтарылып неге жатсын
құрдан-құр?!



ҚҰРАН СҮРЕЛЕРІ

Фатиха

*Жер-дүниені жаратқан,
Қайыр-рақымын таратқан,
Қиямет күннің патшасы –
Алла Тағалаға мадақ тән.*

*Жәрдем тілеп өте біз,
Ғибадат саған етеміз.*

*О, бізді тура жолға сал!
Адасқандарға ергізбе,
Тең басқандарды алға сал!*

Ықылас

*Алла біреу-ақ деңіз,
Мәңгілігі хақ деңіз.
Туғызбаған, тумаған.
Теңдес оған жоқ деңіз.*

Нәс

*Жаббарына барша адамның,
Патшасына барша адамның,
Тәңіріне барша адамның
Сыйынамын деңізші!
Адамдарды азғыратын,
Жын я адам боп сөз қылатын,
Әзәзілге кез қылатын
Сәттен сақта деңізші!*

Бақара сүресінен

Әліп-ләм-мим.

*Тап осы ғой кітабымыз басты, айқын,
Тура жолға діндарларды бастайтын.
Ғайыптарға және олар сенеді,
Қаза қылмай намаздарын келеді,
Хақ жолына несібені береді.*

*Көктен түскен саған дейін әм саған,
Кітаптар мен қиямет деп нанса оған
Әне, солар тура Тәңір жолында,
Жеңіс, әне, нақ солардың қолында.*



ДҰҒА

Ей, Алла!

*Зейнетін Құран хатымның бізге дарытшы,
Мол шарапатын Құранның хатым танытшы.
Киімін Құран хатымның бізге кигізші,
Шапағатымен жаннатқа және кіргізші!*

*Бұл хатым үшін үмбеттеріңе рақым ет,
Құранды бізге бұл дүниеде жақын ет.
Қабірде таныс, ал қияметте қолдаушы ет,
Көпірде нұр ет, жаннатта болса жолдас ет.*

*Пендесін өткен Тәңірдің өзі оңдасын
Пайғамбарлар да, әулиелер де қолдасын.
Қабірден бастап, қиямет күнге дейінгі
Берзах әлемі тоспаса екен жолда сын.*

*Жеңілдеу соғып есебі амал дәптердің,
Жақсылық ауыр тартсынышы бейне қорғасын.
Қабірін тозақ шұңқыры қылма, Жаратқан,
Жұмақтың бағы жайқалып тұрып орнасын.*

*Хатымымды, Жаратқан ием, қабыл ет!
Пендеңнің өткен иманын, Алла, кәміл ет!*

БІР ҚИЫРДАН - БІР ҚИЫР

*Қанат бітсе – неге ұшқымыз келеді?
Құлын-көңіл неге тайдай желеді?
Бұл іңкәрлік санамызға сіңген ғой,
Бұған шалдар былай жауап береді:*

*Бұл байлық қой армандаған пәк күннен,
Оны айтқанда шал-шауқан да шат күлген.
Өйткені, өмір бойы қазақ – сәйгүлік,
Ал, орыстар – күдіре жал ат мінген.*

*Содан ба екен, ұмтыламыз мәңгілік,
Керуендей кең дүниені ән қылып.
Ат үстінде еңку-еңку жортқанда
Жапан дала дүбірлейді жаңғырып...*

*Содан ба екен, самғауға өте құмармыз:
Поездардың перронында тұрармыз;
Самолетпен сапар шегіп шалғайға,
Қалдырамыз көк аспанда мұнарлы із...*

*Отты құйын үйіріліп билейді,
От тұяқтар саздау жерді илейді.
Шағаладай көтерілген су сызып, –
Селеу шөп те ыққа қарай сүйрейді...*

АҚ БИДАЙ

немесе түсіндірмелермен жазылған олең

*Диқанның маңдай терінен,
Күннің демінен:
жаңбырдың жазғы әнінен,
жселдің лебінен
толықсып піскен
астыққа көзім түскенде...
...былтыр көргенмін, тегі, мен...*

*(Сабантой тынған,
сүмбіле туған күз еді.
Сүдігер жыртқан
тұлпарлар қатар түзеді:
соқалар салды
болашақ егін соқпағын....
молшылықтың бұл ізі еді).
Оянып дала
тракторлардың үнінен,
Безендірілгенде
боранның қарлы гүлімен,
қар атжалдарын
дән дестелеріне ұқсатып,
...көргенмін қыстыгүні мен....*

*(Тракторшылар
нәресте-жерді бөледі,
азығы ақ қар
көктемнің сусын-қорегі,*

Осылай

қасаң далаға ылғал жабылды.
молшылықтың бұл жолы еді).

*Жүгірген жаңбыр
жебелей басып өткенде,
науан даланы
наурыздың нұры өпкенде,
жер тамырларына
жүгірген қаның не екенін
коргенмін былтыр коктемде:
(Қырат қырларда
тракторлар да тынбастан
шашу дән шашты
қойнына жердің жымдасқан.
Далаға сойтіп, сіңірілді әр
түйір дән,
әрбір түйірі бір дастан).*

*Шұғыла шалып
нарт қызыл нандай маңдайын,
шыққанда
алыс алқаптарға көп комбайн,
қасиетті дәнді
қолыммен ұстап, коргім кеп,
“сүйіншілерің, деппін мен, дайын!”*

(Көбеген диқан
күні-түн егін жинады.
Жылауық күндер,
ызғырық түндер қинады,

сонда да олар
салмағын Жердің көтеріп,
саф алтын бидай сыйлады!)

*Жыл он екі ай бойы
Жер құндағына бөленген,
тұмадай күзде таситын
шыққан тереңнен,
ақ бидай, шіркін
жер анамыздың перзеніні
желпіп тұр ақын олеңмен.*



АЯҚТАЛМАҒАН ӨЛЕҢ

немесе Әуезовке арналған әдебиет кешінде

– Оқушы достар –
Әдебиет сүйген әуесқой,
“Әу!” дерге дәтім жетпей тұр,
кеулеп комескі ой.
Абайдың даусын
жеткізген жалпақ әлемге, –
Мұқаңды жырлау
мен үшін оңай емес қой...
(Айтқаным келді:
екінші шумақ есте жоқ..
болмаған жағдай
Талай да талай кеште боп...
Әдебиет пәні ұстазы сасып,
су тосты, әзілдеп жорта:
“Мұндайда қояр “бес” те жоқ.)
– Оқушы достар,
Мұқаң ол – мұзарт асқар гой,
Асқарға шығып,
аспанға жазған дастан гой!
Мәңгілік Мұқаң –
әдеби әлем жұлдызы,
жердегі маған –
Жұлдызға қарай бастар ма ой!?
Оқушы достар,
Кімге де болсын Мұхтардай
Дананы жырлау –
Дарынға саяр құптардай...

(Дегенде –
дүйім шәкірттер шырай білдірді,
жымиып мен де –
жалғадым жырмен мықтардай...)

– Оқушы достар,
Әрине, Мұқаң – кемеңгер!
Оқысаң ойын:
тартылған тайыз –
тереңдер...
Ал, “Абай жолын”
оқысақ “Өскен өркен” – біз, –
ақынын іздеп,
айнала жоқтар кенен жер...

(Ақынға албырт
арнау я аза – бәрі оңай!
Әйгілі әлде?..
Әлімізге де қарамай...
Бітпеді өлең:
Мұқанның мысы басты анық, –
жадымдағаны
жайып салуға да жарамай...)

1976 жыл



ЖҮРІҢДЕР ЖЫР-БӨБЕКТІ ЖЕЛЕП-ЖЕБЕП...

*Миыңның мың градус домнасында
Балқыған болат та емес, қорғасын да...
От та емес, шоқ та емес күйдіретін,
әзірге түспей тұрса таңбасы да...
Кенеттен шабыт жүйткі жөнеледі,
жеткізбей жүйрігін де, жорғасын да...
Аймен де, жұлдызбен де сырласады,
солардың тұрғандай-ақ дәл қасында.
Сол кезде олең шіркін құйылады,
бөгеліп қалған аздап алғашында...*

*Туады, міне, осылай өлең-бөбек.
Ол қолда – бесікке де бөлемек ек...
Бөбекті мәпелесе ғана анасы
Етегі койлегінің колеңдемек.
Уызға жарымаса, жылап-жылап,
науқастай күннен-күнге төмендемек.
Отығып кеткенінше қошақандай
жүріңдер жыр-бөбекті желеп-жебеп.
Сол бөбек елдің атын шығарар деп
әлеумет әрқашан да елеңдемек.*

СӘУІР ІҢІРІ

(Виктор Гюгодан)

*Сәуір кеші сол күнгі
Есімізде сақталды.
Сұлу сөзің толқынды
Жүрегімде жатталды.*

*Қоп-қоңыр түн тұр тұнып,
Көше бойлап келеміз.
Не еріндер ұмтылып,
Не бірігіп денеміз.*

*Осы мезет көлденең
Қос мұнара тұрды алдан.
Шалқып басып мен келем,
Қасымда өзің сынды арман.*

*Түнгі тұман қап-қалың,
Сена ағады қалтырап.
Сонда-дағы жатты ағын
Айна құсап жалтырап.*

*Есте қалды мөлдір тым,
Жанға жаққан шырақты,
Есіңде ме сол бір түн
Сенің де мен сияқты?*

ЖЫР АЗАБЫ

*Қаламым қаңтарылды қырсауланып,
Түрленіп тумай отыр жыр сайланып.
Дәптерге қараймын да қиналамын:
Жұлдыз – жыр қол созымда тұрса жанып.*

*Дәптер-ай, алаңқайдай таңғы із толы,
Коп шимай суырмаға салғызды оны...
Не керек, жүз азапқа апарады, –
Өлеңнің жазылмаған жалғыз жолы.*



КЕШЕГІНІҢ КЕЛІНДЕРІ-АЙ...

Шәрипаға

Бата бұзбай,
ата-анаға бас ұрған
кешегінің келіндері-ай!..
Асыл жан!
Қара басын азаматтың
қадірлеп, .
сүймек түгіл,
корместен-ақ қосылған.

Махаббат па?
Ол да оянбай қоймады,
Іңкәр қылды
шала сүйек бойдағы.
Тек махаббат
жарып шығып жүректі,
сәбиіне ауды, әрине,
ол дағы...

Оң жақта да жүрмеді
олар көлбеңдей,
еріксізден
етектерін жел керней..
Қайын ата ғана
айтқызбай түсініп,
“Қызым!” деді
бәрін көзбен көргендей.

Гүл зой әйел:
ашылды Күн көзіне,
Сұлу үстем:
алтының не, жезің не?
Астамсымай
қайындарға қойды ат,
Қосағына ғана
елжіреп, езіле...

Қыздай болып,
шынында да құлпырып,
Шырқалды ән
Көздерінде сыр тұнып,
Тұла бойдан
тұрды әсемдік шашылып,
Тамсанды жұрт
бір отырып, бір тұрып...

“Әттең, әттең...
тумады ер боп” демесе,
асып түскен
ез еркектен он есе.
Айсыз түнде
бір арба отын әкелген
сендерді жөн
жаужүрекке теңесе.

Түрнідей қол
күнара нан илеген
кейде шоқты ұстағанда
күймеген.

*Башпайымен ешкім көрмес
Басқанда
сықырлаған емес
ешбір үйде еден.*

*Көтеріскен
Бөрененің бір басын
жеңгелерге аз болды ма
жылда сын.
“Әлжуаз ғой әйелдер” деп
айту жоқ,
ерлерше еңбек етіп,
ішті қырда асын.*

*Енді, міне,
уақыт қалай алға асқан?!
Қарттықты айтпа
етек-жеңге жармасқан.
Осал екен:
жұбайлардың бірі жоқ,
қалыпсыңдар
шоқылардай қар басқан...*



ҚЫЗЫЛЖАР

*Тұрғының, үйің, көшең бәрі қымбат,
Жеткенге тіл бояуы сені сырлап,
Қызылжар, қымбат қалам, біткенше өмір
Ең ыстық махаббатпен жүрем жырлап.*

Сәбит МҰҚАНОВ.

I.

*Қазаққа бүкіл қастерлі болған қашаннан
Қызылжар біздің шымқай қызылмен жасанған:
қызыл жарларды қаумалай қонған үйлердің
қабырғалары қып-қызыл тастан қашалған.
Қызылжар таңы қып-қызыл болып атады,
Қызылжар күні қып-қызыл болып батады.
Қызылды-жасыл шапағын шашқан шат түні
қонағуар жұртты құшақтап тыныстатады.
Қызыққа құмар қалаға қонған сән-сымбат:
қапсағай үйлер тұрғандай әсем ән тыңдап.
Қанишама көше, қанишама қоныс, қаниша жан
қиырдан келсең алдыңнан шығар аңқылдап...
Қырмызы гүлдер кошеде оттай лаулайды,
қызғалдақ тектес қыздары жанар жаулайды.
Қол созымдағы аспаннан тамған қызғылт нұр
Қызылжарлықтардың алақанында аунайды.
Қан тамырындай Есілдің алып жүрегі,
Қызылжарымның құлпыра берсін реңі,
қызыл да емес, ақ та емес, аман болсыншы
қалалықтардың осы зой, бауырым, тілегі.*

Құлама жарды қуалай қонған бұл қала
 тағынан түспей отыр-ау осынау жылда да.
 Қамалын оның өкпек әсел кесіп өте алмас,
 қаумалап тұрса қайыңға тұнған гүл-дала.
 Ертеде сонау шалғай елдерге бет бұрып,
 жүк артатұғын атан түйелерді шөктіріп,
 Кеменің жүгін тиеген керуен құм кесті,
 жсолаушыларын бір жсұтым суға кептіріп...
 Сортаңы шыққан сұрқай атырап созылды,
 топылдап тиген тұяқтан орлар қазылды.
 Мен білсем, міне, шырғалаң шақта осындай
 Ершовтың ғажап ертегілері де жазылды.
 Теріскейімнің қақаған қыс пен күзінде әр
 айдауда болған декабристердің де ізі бар.
 Бұлыңғыр Сенат алаңында өткен дүбірді
 солардың ащы үнінен ұқты Қызылжар.
 Нажағай ойнап, наркескен төніп төбеден,
 судай қан шашқан төңкеріс сұсты ед недеген.
 Сондай бір сәтте Есілдің биік жарында
 қызылдар тұрды жеңіске жұртты жебеген.
 Қадым дәуірдің құпиясына қаныққан
 Қызылжарымның әр күні ашық: жарық таң.
 Сарбаздар сынды саптағы сұрғылт үйлері
 тіл қатар еді тамыры терең тарихтан...

III.

... Колеңке шоғип, айқастырғанда кірпігін
өкпек жел тынды үрлеген талдың бүршігін.
Құшаққа қысып қапсағай Қызылжарымды,
Түн көзін жұмды келгенше қайтып жыршы Күн.
Қызылжар деген астана емес жайнаған,
Қарапайым ғана қала ол еңбек қайнаған.
Қыраттарында қып-қызыл бидай жсайқалып,
Ойпаттарында озен мен колдер аунаған.
Кок аспанында шырағдан жағып жұлдыздар,
Көшелерінде ағылған лек-лек ұл-қыздар.
Батыр да емес, алып та емес қала тұр,
Қызыл гүлдерін сәл тоңазытып түнгі ызғар.
Прометейдей ғарыштан келген от алып, –
Жолдайды оған сәлемін даңқты Шаталов.
Осылай дүркін Қызылжар - ана қуанған,
Айдынды туған перзенттерінен хат алып...
Қызылжар батыр ұлдарын есте сақтайды,
Олардың сөзін жас ұландары жаттайды.
Нарт қызыл мәрмәр мүсіндерінің алдына
Адамдар түгіл, аңқылдақ жел де тоқтайды...
... Ұйқыға шомған Қызылжар тұрар таң атпай,
Ақтаңдақ сәуле колеңкелерді адақтай...
Дала мен дәннің иісі сіңген қаланы
Қақ жарып зулар троллейбустар да мадақтай...

МАЙДАН МАУСЫМДАРЫ

(Этюд-хроника)

ЖАЗ

*Маусымның айы еді. Сол түні
тоң-торыс тіршілік толқыны
алапат алдындағыдай боп,
түнек пен таң екіұдай боп,
сезілді сұмдықтың салқыны.
Әйтеуір, қоламса қапырық:
Самиян самал да сапырып
есетін еркінен айрылып,
(қанаты қалғандай қайрылып),
демікті дауылын шақырып...
Қан құмар маса да буады,
қап-қара бұлт болып қуады.
Жауын ба жұмалап жауатын,
дауыл ма батпандар ауатын, -
ыстық тер жүзіңді жуады.*

*Бұлыққан тыныс-дем тарылды,
шулыққан самал да арылды...
Кірпіктер ұйқыны ұйытпай,
Көңілден күлкіні суытпай
жатқанда... бомбалар жарылды!*

*Кең жайлау жаз жайлап жатқан ел,
нарт таңы талаурап атқан ел
осылай оқыс ошарылып,
кәрі, жас екіге жарылып,
майданға жасақпен аттанды Ер...*

КҮЗ

*Күз өтіп, қыс жетіп, көктем кеп,
тағы да жаз шықты көкпеңбек...
жасыл жаз бояуы қызарды;
күз болды – құба таң ұзарды,
өкпек жел жүйткіді өктемдеп...
Тағы да бір күз келді күркілдек:
зеңбірек аспаны зіркілдеп;
қайғыдан қалың бұл ашылмай,
от нөсер, оқ нөсер басылмай,
тұншықты кеудеде, шіркін, кек!...
Қар емес, қан жауып аспаннан,
ажалын тапты алға басқан жан.
күресті қалғанша бір шілік,
тіресті бейкүнә тіршілік,
анадай көзінен жас тамған.
Қара жер қаңсыса қасаңдай,
қаралы ел мең-зең боп масаңдай,
соғыстың жүрмей-ақ ізімен...
ауғызып оны өрмек жүзінен
күз де отті меңіреу-тосаңдай...*

ҚЫС

*Мың Тоғыз Жүз Қырық Төрт туып,
көрінді Ер берген серт жуық.
сөгілді тақсірет тұманы;
төгілді қасірет күмәні,
жауды өзі салған сол орт қуып...*

*Қамал зой орыстың қысы да, –
атылды қары жау тұсына;
оқтан кем тимеді аязы, –
үсінді, домбықты – ең азы,
“Көрмеген жер...” деген осы да!*

*Бұл алға лап қойған жыл еді,
тоқтады жаудың от-легі.
ел түгіл, Еділді алғызбай,
ерлерім атойлап андыздай,
намыстың найзасын біледі.*



КӨКТЕМ

*Өткелек өмірдің өткелін
көрсетіп келдің бе, көктемім?
Желің мен жаңбырың жүгірсін;
оққа емес, гүлге бел бүгілсін;
бүгін сен шаттықтың ток селін!...*

*Төрт қыс пен төрт күзді өткерген,
Төрт жаздың жасынан бөктерген
көктемде көтер, беу көңілді,
өктем де аяр жау жеңілді,
жеңілді көктемді жек көрген.*

*Осымен тынды ғой жау сыны,
тасыды қан шайып, тау суы...
Берлинге жаяулап жеткен бұл,
қан мен тер аңқыған көктем бұл –
соғыстың ең соңғы маусымы.*



ҚАР ӘНІ

Дыз етпе жандай –
дүр көтеріліп бұрқасын,
даң кеуде дала
ақтүтек әуен шырқасын:
қарасын көрсе –
қарсы ұшар масадай буған
қар ұшқыңдары
сыңсытты сазбен қырқасын...

Адасып жүрген
ақ құстар енді орайды;
ақ көбелектерім
боранмен бірге борайды;
күзбенен кеткен
балалық шағым бұлдырап,
кеудемсоқ дауыл
ақ күмістерімді тонайды...
Бурадай боздап –
аспанға атып көбігін;
қақпағын тепкен қазандай
тасып-төгіліп;
әйтеуір, боран айдаған ақшулан аттың
шабысы қызды –
қолтығы бырт-бырт сөгіліп...
Қар әні мұңлы-ау:
аязға адам бағынған;
әйтсе де олар
жайлауын жаздың сағынған.

Содан да—
боран сыбызғы сазбен сыңсиды,
шежіре шертін
қобелек қуған шағыңнан...

Ендеше
мұндай даланың долы бораны
қаусырса екен —
қабарған үй мен қораны...
қақпаны ашып,
тұрамын озім сол сәтте, —
құлақтан кетпей
адасып жүрген қар әні.



МАҒЖАННЫҢ МОНОЛОГТАРЫ

*“Бірақ, мен қайта оралмайтын болсам
бөлтіріктің бөріні жеп қойғанын түсінерсің”*

Мағжанның соңғы сөзі

БІРІНШІ МОНОЛОГ

*Айды тесіп жіберердей –
тұмсығы,
тікірейіп сұр жебедей
қылышығы,
көкке қарап ұлиды кеп –
Көк бөрі,
екі көзі –
екі атар мылтығы.
Көк бөрі ...
Одан тараған зой –
ер түрік,
батыр бабам –
еркі бекем, серті нық.
Қас дұшпанын қойдай қырған –
тамақтап,
тұлпарлардың
тұяғынан жел тұрып...
Саулық түгіл,
сәуірікті де жаратын
Көк бөріге көз тимесін,
қара түн!
Түзде ойнаған, тау жайлаған
тағыдай
текті бабам*

*тұрған жоқ па дара тым?!
Сол түріктен тарағанбыз –
бәріміз,
бірге басып,
қалдырғанбыз әріде із.
Сар далада
желмен бірге жүйткіген
сескенбейтін
киелі Көк бөріміз.
Тірілтейін –
аруағын бабаның,
тазартайын –
көкіректен нала-мұң.
Тәңірінің ардақтысы,
еркесі –
Көк бөрісі мен емес пе
даланың?!
“Бұлар ұрпақ,
деп, Қасқырдан тараған”
қажы атама
қаймығып жұрт қараған.
Қудық жолын,
тудық және өжет боп,
тілімізбен
жарамызды жалаған.*

*Көк бөріні қолдайды өзі –
Тәңірі,
жүгіру де,
жығылу да әмірі.*

Сар далада
маған қарсы кім тұрар,
сілейеді –
айуаның ең ірі.
Дала, дала...
Еркіндігім, теңдігім.
Кеңдігіне
қуанайын кемді-күн.
Тұрағым да,
туғаным да сол болса,
тістенеді –
менен басқа енді кім?!

Бұласымын бұл даланың
өлгенше,
тіксінбеймін –
тоқсан жебе жерге енсе...
Тәңірі өзі тоқтатады–
өренін,
өлім келіп,
өміріңді ол жеңсе...
Дәурен қысқа –
хақ тойтарса, бақ тайса,
көрге айналар –
кең жазира, көк майса.
Өкініп те үлгере алмас
өлім бар –
Көк бөріні
көп бөлтірік жеп қойса...

ЕКІНШІ МОНОЛОГ

*“Жақын емес ата-ана, туғандар!
Көз жасыңда олардың не ісі бар?
Соқыр олар, жанған жаның көре алмас,
Жыла мейлің, жан-күй отта, шегіп зар”.*

Мағжан

*Ес білгелі
келемін алысумен,
еңбегім еш:
бал емес, зәр ішумен.
Алаш үшін
аянып жүргенім жоқ,
басталса да,
бітсе де бәрі шүмен.
Сасықкөлдің басында
қала алмадым,
сасқан елдің жайына
алаңдадым.
Көлден бездім сол үшін,
елден бездім,
ата-жұртқа соқпадым –
сол арманым.
Әке тілін алмадым –
молда болмай,
әлем көгін шарладым –
жолда қалмай.
Дала емес,
көргенім қала болды,
одап басқа барар жер
қалмағандай.*

*Сар далада
маған қарсы кім тұрар,
сілейеді –
айуаның ең ірі.
Дала, дала...
Еркіндігім, теңдігім.
Кеңдігіне
қуанайын кемді-күн.
Тұрағым да,
туғаным да сол болса,
тістенеді –
менен басқа енді кім?!*

*Бұласымын бұл даланың
өлгенше,
тіксінбеймін –
тоқсан жебе жерге енсе...
Тәңірі өзі тоқтатады–
өренін,
өлім келіп,
өміріңді ол жеңсе...
Дәурен қысқа –
хақ тойтарса, бақ тайса,
көрге айналар –
кең жазира, көк майса.
Өкініп те үлгере алмас
өлім бар –
Көк бөріні
көп бөлтірік жеп қойса...*

ЕКІНШІ МОНОЛОГ

*“Жақын емес ата-ана, туғандар!
Көз жасыңда олардың не ісі бар?
Соқыр олар, жанған жаның көре алмас,
Жыла мейлің, жан-күй отта, шегіп зар”.*

Мағжан

*Ес білгелі
келемін алысумен,
еңбегім еш:
бал емес, зәр ішумен.
Алаш үшін
аянып жүргенім жоқ,
басталса да,
бітсе де бәрі шумен.
Сасықкөлдің басында
қала алмадым,
сасқан елдің жайына
алаңдадым.
Көлден бездім сол үшін,
елден бездім,
ата-жұртқа соқпадым —
сол арманым.
Әке тілін алмадым —
молда болмай,
әлем көгін шарладым —
жолда қалмай.
Дала емес,
көргенім қала болды,
одан басқа барар жер
қалмағандай.*

Ессіз жүрек
есепсіз қансырады,
сөнді талай –
сезімнің шамшырағы
Жас кезімнен қосылған
жарым өліп,
жанышталды қайғымен
жан шуағы.
Жарымды алған Тәңірі
бәрін де алды:
ұлымды алып,
қайғылы сарын қалды.
Онсыз-дағы жалғызды
тұлдырсыз ғып,
дүр тағдырдың дегені
орындалды.

Тарады “Алаш”.
Құлады айбынды ту.
Пешене сол:
жас төгіп, қайғы жұту.
Алаш атын
аспанға шығаруға
керек, жастар,
бірнеше ай, жыл күту...

Ұлан жерге сыймайды –
қара басы,
ұға алмаса ақынын –
заманасы.

*Ақын ғана түсінсе,
аздық етер,
“қол” соқпаса –
қырында әр ағашы.*

*Қараңғылық қаптады:
Адастық-ау...
Жол таба алмай
жүнжіген алаш мынау.
Бостандықтан айырып
Алашымды,
бақытты етпек,
мұнысы оғаш тым-ау...*

*“Ер кезегі, дейді ғой,
үшке дейін”,
түрме нанын
тағы да тістелейін.
Жер үстінде
тыныштық бермен еді,
жер астында
дамылдап түс көрейін.
Жоқ! Өлімге
Басыңды тіге берме!
Бер, Тәңірі,
одан да жігер ерге.
Әттең, көрім дайын тұр
әкем қазған, –
теріс берген батасы
жіберер ме?!*

ОЙЛАНУ

(Триптих)

Адамдар ойлайды,
болмысқа бойлайды.
Атомдай асау ми
атойлап қоймайды...

Автор.

I.

ОЙЛАНЫП ОТЫРМЫН:

Түршігіп оқимын кей газеттерді, –
тіршілік тыныш сәтті аз өткерді.
Аспаннан ақ қар емес,
... (шоқтар да емес!)
от түсіп, оқ теседі азат жерді...
Көзіңе көрсетеді теледидар:
өзіне қорқаулар көп бөле жинар...
Диқанға кетпен емес,
... (неткен елес!)
мылтықты жасап жатыр келер милар...
Ызғындай радио саңқылдайды:
құзғындар қорым таста шаңқылдайды.
Көп елді ырыс емес,
... (ұрыс-егес!)
батпандап басып жатыр халқын қайғы...
Басылмас соғысы бір адамзаттың,
ашылмас аспаны анау заман-бақтың.
Керегі – қырғын емес,
... (бір күн де емес!)
келмейді тіл-қылышты жалаңдатқым...

ОЙЛАНЫП ЖАТЫРМЫН:

Қолшатырым төбемде – тымық аспан.
 Жауар ма екен жақұттар жымыңдасқан?
 Вентролог сияқты аузын ашпай,
 Жұлдыздармен жазғандай түні дастан...

Қас қағымда бір жұлдыз ағып өтті,
 ең ақырғы жарығын жағып өтті...
 Рас болса, бір адам өлгені де?..
 Жұлдыз-козден мұң-моншақ тамып кетті...

Бейхабар боп жатқанда жырау далам
 шулап өтті тырналар тыраулаған.
 Ұзатылған қыздардай ұзап барад,
 сияқтымын солардан сыр аулаған...

Мен жатырмын жамбастан нүліш түкті...
 Көкжиектей кеңейді тыныс, тіпті!
 Күнде осылай отырып күзетпесем,
 Біреу бұзып кетердей тыныштықты...

ОЙЛАНЫП КЕЛЕМІН:

Ей, тіршілік, өзіңді қорғау үшін,
 Бейбітшілік бақилық орнау үшін;
 Ғұмырлы елде амандық алыс басып,
 Жұмыр жерде жамандық болмау үшін;
 Адал жанын, жұмсаған адал күшін –
 Заманының тұтқасы – Адам үшін;
 Әмбемізді әлдилер бесік болған;
 Әлі де бізді әлдилер ғалам үшін;
 Жүректерді гүл еткен теңдік үшін;
 Түлектерді түлеткен кеңдік үшін;
 Мерекесін үзбеген ерлік үшін;
 Берекесін бұзбаған елдік үшін;
 Тірлік туын тербеткен еңбек үшін;
 Бірлікті күн бәрін де жеңбек үшін;
 Болашақтың бақытын көрмек үшін –
 Бала шақтың толқыны келмек үшін;
 Қазынасын жасырмас өңір үшін;
 Базынасы басылмас көңіл үшін;
 Мен тілеймін тек қана тыныштықты,
 Елпілдеймін баладай өмір үшін!

* * *

Ойланып отырмын...
 Ойланып жатырмын...
 Ойланып келемін...
 Ойланып... олемін...

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТУҒАН ҰЛ

Ұлым Дулатқа

Жыл ед сексен алтынышы.

Желтоқсан ай.

Жаңа жылды алдағы

ел тосқан ай.

Солтүстікте –

аяз боп он алтысы,

оңтүстікте –

ызғарлы жел соққаны-ай!

Солтүстікте –

қиналып шешең жатты.

Оңтүстікте –

орнынан көсемді апты.

Жамизатты

табиғат жақтайды ғой, –

желтоқсанның аязы

Осы ең қатты...

Солтүстікте –

оз шешең қансырады,

сұп-суық тер

маңдайдан тамшылады.

Ол сенімен – ұлымен –

берсе жауап,

пенделіктің тынардай

бар сұрағы.

Солтүстікте,
өз қалаң – Қызылжарда
сен шыр еттің:
жол берді қыз ұлдарға.
Торт қыздан соң жарқ етсе
жалғыз Күнің, –
Қаратады екенсің
жүзіңді алға.

Оңтүстікте –
тап беріп түкті адамға,
орда бұзар кіл жасстар
шықты алаңға.
Жаса, ұрпақ!
Тапталпас ұлт намысын!
Әттең, бәрі тап болды-ау
Қысталаңға.

Жаба алмады олардың
Ауыздарын,
жыламады –
сібірлік жауызға мың.
Соққы, тепкі, мұздай су –
бәрін көрді,
мейлі, тастап жіберсін
тау мұз, қарын!

Ұраншысы ұлтымның –
Қайраттар-ай!..
Барлығыңды
жсендеттер жайратты ма-ай?
Тәуелсіздік қары мен қаны

Жауған
желтоқсанда жоқ деіі
айбатты рай?!

...Солтүстікте осылай,
ұлым менің,
сен туғанда,
әрине, күлімдедім.
Ерте туған көбеген
болғандықтан
желтоқсанның сезбедік –
жылу-лебін.

Оңтүстікте –
алаңға шыққандар-ай!..
Ұлтымыздың мүддесін
Ұққандар-ай..
Ерте туған көбеген
болғандықтан,
қараладық бәріміз
түк талғамай...

Оңтүстікте –
көмкерген гүл етегін
сол алаңды көргенде
дір етемін.
Солтүстікте –
мен-дағы кейін ұқтым:
Тәуелсіздік дегеннің
Ұл екенін...

3 қаңтар, 2003 ж.

ҚЫЗЫЛЖАРДА ІЗТӨЛИН КӨШЕСІ БАР

*Қызылжарда
Ізтөлін көшесі бар
Ол бір көше –
бүгіні, кешесі бар.
Сол көше ғой –
о, менің жастық шағым,
шапқан аттай
заматта өте шығар...*

*Ұзындығы
толады шақырымға,
Ізтөліннің
жазылған аты мұнда.
Ақ түрмеден
клубқа дейін жеткен
ескерткіш қой төселген
батыр ұлға.*

*Асфальт түгіл,
құм-дағы шашылмаған
ол көшеден
жоқ асқан асыл маған!
Әр шұңқыры, әр шөбі –
бәрі таныс,
көзіме оттай
кезі жоқ басылмаған.
Топырағын көшемнің
бес жыл бастым,*

*Коше деген –
ол кезде кокшіл тасқын.
Жұрт ағылып жататын
көшкен сеңдей,
Ерте күнді найқалса,
кеш қылмас кім?!*

*Менің небір өлеңім
сонда туды,
Нәрестедей
түнде я таңда туды.
Бүркітшідей
бұл көшем олеңге сап,
Қанатымды үйретті
қомдатуды.*

*Мен жас едім,
толмаған жиырма екіге,
Сол бір тұста
түскендей жыр бекіне.
Ізтөліннің
туған біз ізін басып,
Жыр арнаймыз,
енді оның құрметіне.*

*Екіншіден,
махаббат көшесі бұл,
Сүйгендердің жолына
төсесін гүл.
Сүйгенімді мен тауып,
отау құрдым,*

Кішкене үйдің толтырды
кесесін нұр.
Төлбасы боп қыз туды
сол көшемде,
(Қазақ болып
тек ұлға шөлдесем де).
Ең бақытты жылдарым
сонда өтті,
Сондағыдай бақытты бермес
өңге!

Жастық шақтай
бақытты бар ма кезең?!
Соған ғана
шұрайлы арна сөз ең...
Махаббат та, өнер де
бәрі сонда,
Аласұрып ағатын
Арман-озен.
Қызылжарда
Ізтолин кошесі бар,
ол бір көше
бүгіні, кешесі бар.
Сонда қалды
о, менің жастық шағым,
Атқан оқтай
зуылдап өте шығар..

ӘЗЕРБАЙЖАН ТӨРТТАҒАНДАРЫ

*Раушан гүлдер жабырқайды:
“Теміреткідей теңбілім бар”.
Аппақ Айға таңырқайды,
Ол да дақты – енді кім бар?!*

* * *

*Толқынды толқын қуады,
Толқынды толқын жсуады.
Созылғанмен қыс қанша,
Көктем өзі-ақ туады.*

* * *

*Тауларға қар бекінді,
Шығу деген – шын, қиын.
Жүрек те әйнек секілді:
Қайта құрау тым қиын.*

* * *

*Ағаштар бар бір гүлсіз,
Ағашсыз бақ тым үнсіз.
Көктем керек жүз жылдық,
Бақ – бақ емес бұлбұлсыз.*

* * *

*Жасын жоқ найзағайсыз
Төбесіз үй... жоқ, болмайды!
Анықтап байқағайсыз:
Түтінсіз от болмайды.*

ТЫНЫШТЫҚ

*Жатайыншы –
желге құшақ ашып кең,
Тыныштықты бауырыма басып
мен...*

*Тек жаңғақтар –
мазалайды топылдап,
бірақ оған оянбайды
қашық дөң...*

*Тек тоқылдақ – кеуек үңгіп тынбайды,
Төбеге ұстап білте шамдай түнгі Айды.
Еміс-еміс естіледі
ат дүбірі...
Бұдан тыныш болмас!
Болса ол – шын қайғы...*



УАҚЫТ

Валерий Антоновтан

*Арман. Адым. Белес.
Жолдар. Ылди. Дөңес.
Уақыт қуып жетті.
Керісінше емес!..*

*Мадақ. Сынақ. Егес.
Шарап. Қысыр кеңес.
Уақыт босқа өтті.
Керісінше емес!..*

*Өнер. Өлең. Елес.
“Жырың жақсы”, – демес.
Уақыт озып кетті.
Керісінше емес!..*



ЖАМАНШҰБАР

(Владимир Шестериковтан)

*Жаманшұбар... Жабырқау жусанды жер,
Жүдеу ауыл бір бала туса әбігер...
Десе де сол ауылдың бір перзенті
Болмысына дарытты мың сан жігер...*

*Жалаңаяқ, жамаулы шалбар киіп
Тұрған оны аңсатты заңғар биік.
Өрт пен дертке шалдыққан даласын ол
Тастап кете алмады еш жанға қиып...*

*Сенді бірақ: наласын ұмытады,
От жүректер даласын жылытады.
Шын көреген екенсің, бала Сәбит,
Көкірегіңде маздаған үміт әні...*

*Өлеңіңді қостың да өктем үнге,
Қаламыңды қайрадың көкте Күнге...
Басқа тағдыр басыңа тілеместен,
Көп оқыдың сен “Өмір мектебінде”.*

*Озық ойың құс болып қанат сермеп,
Оятты елді, ой мен қыр, алапты өрлеп,
Түйір дәнін өсірген дарыныңның
Туған жерің қуанды: “Қайраткер”, – деп.*

*Жаманшұбар– жайнаған жусанды орман,
Болсыншы ол мың бала туса – қорған!
Соның бірі Сәбитке ұқсайды деп,
Үміт кешіп жүреміз, қусақ арман...*

ҰЙҚЫСЫЗДЫҚ

*Жата қалсаң,
қата қалар түн қайда?
Қай-қайдағы ой келеді
мұндайда.
Жатқандайсың –
кино көріп бейне бір,
беу, тыныштық
көне қоймай ыңғайға.*

*Таң алдындай бозарады –
болме іші,
Ай төнеді –
келгеніндей көргісі...
Көз жұмғанмен,
бәрін көріп жатасың, –
түнде де кеп
күндіз соққан әр кісі...*

*Көзің – соқыр,
құлақ керең болса ғой,
Бір басыңа келер ме еді –
соншама ой?!
Қанжар кірпік
салынбайды қынына, –
Көрне астында
жылына алмай, тоңса бой.
Түн баласы
мұздай тізең жылынбас,*

*Қорытылмай тұрса және –
бүгінгі ас...
Жыбырлайды –
жілініштің терісі.
Мұнысы нес?
Болдық па әлде бұрын жас?*

*Тыңдайтұғын
түннің неге жоқ әні?
Сөнбегендей –
пеш ішінде шоқ әлі...
Құлақ салсаң –
құс жастықтың ішіне,
жүрегіңдей
ол да дұрс-дұрс соғады...*



ҰЛЫ ҚАСҚА

*Мінбе берсең –
бүкіл елді басқарар;
сөз сөйлетсең –
алдыңдағы ас қалар;
халық үшін,
тарих үшін күрескен,
әттең, сәби сүймей,
болған басқа зар;
тар жол,
тайғақ кешулерден өтсе де,
олар емес –
көздерінен жас тамар;
бар ғұмырын
бір киіммен өткізіп,
ескерткіш боп қалған аты
таста әр;
большевиктер өкіметін
орнатып,
бұл өмірден өтті –
небір қасқалар!*

*Ғаламат жан:
ғұлама ілім, ғажап ес,
ғұмыр жолы –
оқу, айдау, аза, егес,
айналдырмақ боп
елесті шындыққа,
жалтармаған:*

мейлі, қандай жаза кес;
сөзге – шешен,
іске – көсем шетінен.
бермейтұғын –
көбі түгіл, азы дес;
толағайы еді –
Ленин солардың,
көмілмеген...
Өлімі оның қаза емес,
Елу бес том жазған
қашып жүріп-ақ,
осы қасқаң –
пәлі, тегін таз емес!



АЛҒАШҚЫ ҚАР. ТУДЫ АҚЫН

*Күзді қыспен алмастырар,
жауғанда кеп алғашқы қар, –
бірін-бірі құттықтайтын
басқа ұлттарда қанбас құмар...*

*“Қисапсыз күз “көбелегі” –
бұл қардың бар не керегі?”
дейтін қазақ толып жатыр,
демейтіндер... бөгеледі.*

*Ұқсап кетер гүлге кейбір, –
қармен жаным біргедей бұл:
қондырамын екі иыққа,
қуанамын үндемей кіл.*

*Пәк қоңілім еміренер,
Қарды қор де, мені де көр!
Алғашқы қар – мен туған күн,
егіз екен Өмір, Өнер.*

*Туған күні қуанатын,
“қобелекті” қуа алатын
мен алғашқы қармын, жаным,
аппақ болып туады ақын.*

ДОМБЫРА

(Лев Щегловтан)

*Шыжымдап шығып құндақтан,
Шымырлап шығып тіл қатқан.
Дір еткен ішегі қыл бұрау, –
Домбыра сазы зіл батпан.*

*Зобалаң дәуір өткізген,
Зорыққан дүбір жеткізген –
Домбыра отау орнатып,
Далаға алау от тізген...*

*Тарихтың ізі тас болды,
Халықтың жүзі жас болды.
Сонда да ішекке мың жылдық
Көмбеден келген жас толды...*

*Кокейге құсын қондыра,
Күмбірлеп жатқан мол мұра –
Телеграфтардың сымындай
Екі ішекті осы домбыра.*



АВТОПОРТРЕТ

*Жайшылықта жадау болып көрінген
Жылдар жібі жымдасып-ақ өрілген.
Кенеттен бір көзің түссе, көресің:
Күліп тұрған портретті төріңнен.*

*Сол мезетте балапандай босыған
Сезім мен ой бүгіледі осыған.
Іс-қылығың оралады ойыңа,
Ақбөкендей анда-мында жосыған...*

*Міне, сонда күлкі кейін қалады,
Мұз денені діріл билеп алады.
Бір белгісіз суретшідей әр адам
Бір-ақ сәтте өзін-өзі салады.*



СУЫҚТОРҒАЙ

*Сөзге сараң боламыз несіне біз –
Мадақтаумен керемет көсілеміз!
Көремісің: күп-күрең суықторғай,
Қар астында гүлдесе – осы негіз!*

*Оның да көз алдында гүл тұрады,
Осы қыс та күні ертең ұмытылады.
Бәрінен де аязды сүйгенін айт,
Қар үстінде нарттай боп құлпырады!*



ЖАҢА ЖЫЛ ТҮНІНДЕ

(Владимир Шестериковтан)

*Досым-ай, бұдан жүз жыл, мың жыл бұрын
Осылай қар жауғанда қынжылды кім?!
Тыныштық тілінде үнсіз түсінісіп,
Жаттаушы ем уыз қардың інжу жырын...*

*Шыршалар, әткеншектер шыр айналып,
Күнәмді кешетін кіл райланып...
Халайық жаппай мәре-сәре сәтте
Тоң-торыс тұратынмын тіл байланып...*

*Көзім мен көңілімде сәуле өріп,
Қырқадан қарайтынмын кеуде керіп.
Қар көмген сол жылдарды жоғалтпас ем, –
Шіркін-ай, жолықтырсам зәуде көріп.*

*Мен енді кейінгіге қарай алман, –
Өткеннің қары әлі борайды алдан...
Кешегі карнавалдай желеу ғана, –
Шыршаның жұлдыздары арайланған.*

*Содан ба, түсімде ұшып жүргендеймін,
Жыл келсе, қуанады бір мендей кім?!
Иә, сол жапалақтап жауған қардың
Ызғарын бүгін ғана білгендеймін...*

ӨЛЕҢНІҢ ТУУЫ

*Күндер замат зулайды,
Қайтқан құстай шулайды.
Жыр жазуға жоқ уақыт,
Жанталаста ол тумайды.*

*Тынышымайды тозбас мұң:
“Тіпті, мүлдем жазбаспын”,
Деп жүргенде тоң-торыс
Қолға түсер сөз-қаиқын.*

*Өткеніңе қарайлап,
Түнек түнде арайлап,
Ащы, тәтті жыр туар
Отырғанда ой ойлап.*

*Бәйгеге ұзақ қосылған
Жыр туады тосыннан.
Тағдырыңда бетбұрыс
Басталады осыдан...*

*Тірліктің күн-түні де
Толады жыр үніне.
Айтарыңды айтып қал,
Ақындықтың міні не?!*

*Сонда жүрек лүпілдер,
Шау қоңілді бүтіндер...
Қуанғаннан билерсің,
Дөңгеленіп бүкіл жер...*

*Сол туындың тозбас боп,
Сәйгүлік жыр озбас боп,
Ақындықтың күшімен
Сезінесің жап-жас боп!..*



МАХАМБЕТ ӨТЕМІСОВ

(Альфред Пряниковтан)

*Марғау дала тыныштыққа бөгіп тұр,
Жез легендей Ай сәулесін төгіп тұр.
Түн қасқырдай жер бауырлап жылжиды,
Терезеге тесіледі ол төніп құр...*

*Қараңғылық түнемелдей қоп-қою,
Ойы айтады: жауға керек от қою...
Исатайды құтқаратын ат болса,
Ақырмас па еді бейне кекті аю?!*

*Махамбетте үн жоқ: оқшау томсарған,
Көздерінің алдына әжім жол салған...
Түсінбей тұр: ақын ба өзі, сарбаз ба,
Орындалмай қала ма енді қаниа арман?..*

*Күпті көңіл басылмайды бірақта,
Мылтық даусы естілгендей жырақта.
Хандар кірген ақ орданы күйретіп,
Жету керек жете алмаған мұратқа.*

*Топтастырар сарбаздарын қайтадан,
Суырады семсерін жау жайпаған.
... Ағаштардың тасасында Ай тұр аңдып
Қарақшыдай алдын-артын байқаған...*

БАҚЫТ ТУРАЛЫ

(Руфь Тамаринадан)

– Бақыт деген не осы? Білесің бе? –
Деп сұраған біреудің үні есімде.
Мен тіс жарып, уәжімді айта алмадым.
Жылайсың ба сен бұған, күлесің бе?

Бақыт деген не сонда?.. Мен ойландым.
Жақсы адамның жүзіне қарай қалдым...
Жұрт соларды бақытқа балайды ғой,
Зор сенімін ақтаған талай жанның...

Бәлкім, бақыт түн жырын сүю шығар,
Ақ қағазға сөз майын құю шығар,
Сондай сәтте өзекті жарып шыққан
Өлең деген бір парақ бұйым шығар?

Соның бәрі: түсі игі өрен – бақыт,
Сезіміңе от берген өлең – бақыт.
Екеуі де баянды, мәңгі болмақ, –
Уысыңнан шықпаса кенен уақыт...

Ал, ақыпшың бақыты – өлеңінде,
Талант деген теңіздің тереңінде.
Сүйсіндірген солардың жақсы өлеңі
Жетелейді, жебейді келер күнге...

Бұл пікірді бола ма теріс деуге?
“Теріс” десең – болады жөн істеуге.
Бұдан басқа бақытты мен білмеймін,
Ал, сендердің еркің бар келіспеуге...

ЖАЙЛАУ ТАҢЫ

(Олег Постниковтан)

*Киіз үй қарауытып көрінеді,
Көк түтін түндігінен өріледі.
Шопанның қой күзеткен маң төбеті
Шарбақтың іргесінде керіледі.*

*Түйелер шыққа жуып тұяқтарын
Жөңкілді іздеп тікен, қияқтарын.
Ал, аттар таңды күтіп тарп ұрады,
Қоздырып делебені жырақтағы үн.*

*Тек қана бұйығады бей-жай бүркіт,
Самғайтын атойлаған айғайға үркіп...
Тыныштық құшағында қалғып отыр,
Қайратын қиқу төнсе қалмайды іркіп...*

*Шынында, таңғы тыныс тұнық қандай,
Табиғат дау-дамайды ұмытқандай.
Үретін түн баласы төбет те үнсіз, –
Тыныштық қасиетін мың ұққандай.*

*Барады қайда маңып түйелер бұл,
Тұяққа тапталды-ау киелі әр гүл?...
Аттар да тек тұрсайшы тыпыршымай,
Міністен қаз мойыны иілер бір...*

*Тек қана бүркіт қанат қомдамады,
Саршұнақ қылт-қылт етті – ол да қалды.
Таң атты арайланып осы мезет,
Шұғыла шалып байтақ жол-даланы.*

*Шопан да тысқа шығып, түндік ашты,
Ішіне киіз үйдің күн нұр шашты.
Ерттелген ат кісінеп, тобет үріп,
Таңғы жел іркес-тіркес күйге ұласты.*

*Сол екен, қос қанатын желге керіп,
Иесін, ат, тазыны демде көріп.
Жас бүркіт көк аспанға көтерілді,
Жұмыр жер жанарында доңгеленіп...*



ЖАЙЛАУ ТАҢЫ

(Олег Постниковтан)

Киіз үй қарауытып көрінеді,
Көк түтін түндігінен өріледі.
Шопанның қой күзеткен маң төбеті
Шарбақтың іргесінде керіледі.

Түйелер шыққа жуып тұяқтарын
Жөңкілді іздеп тікен, қияқтарын.
Ал, аттар таңды күтіп тарп ұрады,
Қоздырып делебені жырақтағы үн.

Тек қана бұйығады бей-жай бүркіт,
Самғайтын атойлаған айғайға үркіп...
Тыныштық құшағында қалғып отыр,
Қайратын қиқу төнсе қалмайды іркіп...

Шынында, таңғы тыныс тұнық қандай,
Табиғат дау-дамайды ұмытқандай.
Үретін түн баласы төбет те үнсіз, –
Тыныштық қасиетін мың ұққандай.

Барады қайда маңып түйелер бұл,
Тұяққа тапталды-ау киелі әр гүл?..
Аттар да тек тұрсайшы тыпыршымай,
Міністен қаз мойыны иілер бір...

*Тек қана бүркіт қанат қомдамады,
Саршұнақ қылт-қылт етті – ол да қалды.
Таң атты арайланып осы мезет,
Шұғыла шалып байтақ жол-даланы.*

*Шопан да тысқа шығып, түндік ашты,
Ішіне киіз үйдің күн нұр шашты.
Ерттелген ат кісінеп, тобет үріп,
Таңғы жел іркес-тіркес күйге ұласты.*

*Сол екен, қос қанатын желге керіп,
Иесін, ат, тазыны демде көріп.
Жас бүркіт көк аспанға көтерілді,
Жұмыр жер жанарында доңгеленіп...*



ПРЕЗИДЕНТ ПОРТРЕТИ

Өзі –

шымыр, шалқақ төс шырайлы адам,
бабасынан Қарасай бір аумаған;

жүзі –

ақшылт жел мен күн тимегендей,

Мейірімді–

ақ таңдай арайлаған;

көзі –

қоңыр айнадай кіп-кішкентай,
жалт-жұлт етіп сәт сайын нұр ойнаған;

шашы –

жалдай күдіре желкіл қаққан;

қасы –

құстың қанаты еркін қаққан;

маңдайы –

кең Үшқоңыр жайлауындай,
ғұламаға жарасар көркін тапқан;

Мұрын –

мінсіз-мүлтіксіз, әп-әдемі,

ерін –

жұқа сөзіне әр ел тыңдатқан –

ЕЛБАСЫМЫЗ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ!

АЙБЕККЕ

*Жақсылық жасап талайға,
сәулесін сепкен маңайға.
аспанға ілген шамымыз –
теңеймін әсте сені АЙҒА.*

*Сонымен бірге сен БЕКСІҢ,
Даңқымен бәріп жеңбексің.
Ортақсың аспан мен Жерге.
Ендеше АЙБЕКТІ тербетсін!*



Өмірден кім отпеді?!
Бәрін айтса, көп, тегі?!
Ойпырай, сұм ажалдан
басқа нүкте жоқ па еді?!

Мына марқұм қандай ед?!
Арайлаған таңдай ед.
Биязы, көпшіл, байсалды,
мінезі, шіркін, балдай йод.

Мойыл көзі мөлдіреп,
мейіріммен елжіреп
тұратұғын адам ед,
мамырдағы жел-жібек...

Шетімізден сыйладық,
шүпірлеуші ек жиналып...
Сол марқұмнан айрылып,
тұрғанымыз қиналып.

Құрғата алмай көз жасын,
құрай алмай соз басын,
қолым-дағы дірілдеп,
толқып тұрмын өз басым.

*Көкіректі ұрғылап,
көзін ашпай жыр-бұлақ,
аза үстінде ақының
көздің жасын тұр бұлап.*

*Көздің жасы көл болған,
көп тамшыдан сел болған.
Қасіретті мен көрдім.
Өмір, өмір... сен – жалған!*

*Аһ! Таусылды-ау жолыңыз!
Аһ! үзілді-ау қолыңыз!
Не істейміз, тек жылаймыз,
Марқұм, бақұл болыңыз!*



АҚЫНДАР АЙМАҒЫ

Жетпісінші жылдары Қызылжарға келген бір сапарында Мұқағали Мақатаев қатты бусынып, көзінің алды бұлдырап отырды. Шаруашылықтарды аралауға шыққанда да ширығып кете алмады. Сондықтан сол қалпында пойызға отырғызып, кейін қайтарылды.

Ал топырағымызға табаны тиген Мұқаң болса өңірімізді өлең-жырдың ежелгі өлкесіне балап, аңсап келген екен. Ақын келгенін де, кеткенін де білген екен: сол жолы сапарынан кейін жазған “Ақынның ауылы” деген өлеңі өңіріміздің өшпес сипаттамасы ғой.

*Нақ осылай ат қойып,
айдар таққан
Мұқағали
теңеуді, ә, қайдан тапқан?!
Айтты-айтпады,
өлкеміз тұнған өлең,
Жыр толғатып
қанша ауыл ойға батқан...*

*Қарашы өзің:
күміс сөз көл себеді,
жасыл орман
жыр төгіп теңселеді.
Бәрінен де ақын деп
Есілді айт, -
толқын
өлең өргізген ең шебері!*

*Міне, осындай аймақта
туады ақын,
елі-жұрты:
“Жаса!” деп қуанатын.
Майданында жырдың ол
жеке батыр
тұлпар мініп,
қолына ту алатын.
Өзіне
әрі сөзіне бас иетін
ақындардың
ардақтап қасиетін,
шежірені
бейне бір тарқатайын,
Жыр бабаның
орындап осиеітін.*

1. ҚОЖАБЕРГЕН **(Акроолең)**

*Қауымның исі қазақ ер бабасы,
қайысқан қол бастаған ордабасы,
қалың ел, қан майданның мәрт жырауы,
қайғылы замананың арда алашы.*

*Ол бабам имам болды он жетіде,
он сегіз күш дарытты келбетіне,
он тоғыз – батырлығы байқалған тұс,
ойқастап жасыл тумен тербетіле...*

*Жастық-ай... Жиырмада өзгереді:
жүректен өлең болып сөз келеді.
жырлайды судай толқып, тудай шалқып,
жүзеге асырылып көздегені.*

*Арабша, парсышаны қатар жатқан,
аяттай мүдірместен мақамдатқан,
ақын да, имам да емес, елші болды,
Азия кіндігінде ат аунатқан...*

*Бастамас батырлықтың қайда жолы,
бүкіл қол ордабасы сайлады оны.
батасын берген кезде Әнет баба
балқыған жеткендей бір Айға қолы...*

*Ер болып қорғай білді Сарыарқаны,
(ел тыныш болса, бойға тарар қаны).
Ежелден хас батырдың қанды кешкен
ерекше қанталап бас жарар таңы.*

*Рауандап атқан таңға шашырап қан,
Рабайсыз болып жоңғар басы Рабтан,
Ренаттың зеңбірегі зіркіл қағып,
Рең кетті жерімізден ашық жатқан.*

*Гүж ете түсті сонда сардар аға,
“Гәп мынау: жау сіңбесін бар далаға!”
гулеген шұбарымен шайқасқа енді,
гүрзісі аңыз болып әр балаға.*

*Еңкулеп алтыс жылдай түспеді аттан.
“Елім-ай” сыртқа шықты іште жатқан.
Елімнің тарихына тіл бітірген
ерімнің есімі, ісі әсте мақтан!*

*Нешеме өнер біткен жырау баба
Насихат шашты, ұрпағы тұр аудар...
Намыстың туы жүз жыл жығылмапты,
Наркескен ерді ұмытпас мынау дала!*

2. СЕГІЗ СЕРІ

*Керейден жүз мың әйел ұл тапса да,
Ешбірі Сегіз сері бола алмайды.
Біржан сал*

*“Жігітке жеті өнер де аз деген бар.
Ал қандай осы мәтел сөзде мән бар?
Ұлтжанды болу керек, біріншіден,
Ұтылмас мұратты асыл көздеген әр...*

*Ей, жігіт! Екіншіден, бол балуан!
Ноян күш біткен анау қолға жуан...
Арбаның дөңгелегі тәрізденіп
дөңгелеп кел жыққанда тойда алуан.*

*Аңшылық. Ол - өнердің үшіншісі,
көрсетсін жапан түзде күшін кісі.
Ұшқан құс, жүгірген аң - ер азығы,
келсе егер оны озгенің түсінгісі...*

*Коздейтін козінен дәл құралайды
мергендік жауға ғана ұнамайды.
Атқан оқ айдаладан табылмасын,-
еркекке бөрік киген бұ да қайғы.*

*Жігіт сол - он саусақтан өнер тамған,
бір өзі асып түсер он ортаңнан!
Қолынан бәрі келер ісмерді айт,
қашайтын келешекті әр келер таңнан...*

*Жасаған өз қолымен саз аспабын
шеберің күйші болса - таласпағын!
Сыйғызған сел сезімді бір шанаққа
жоқ шығар бесаспапта о баста мін!*

*Күйші адам тіл бітірген қу тақтайға
келгенде ән кезегі бұлтақтай ма?!
Қосылып бозаңдағы бозторғайға,
әуенін әудем жерге шырқатпай ма?!*

*Өнердің соңы емес, соқталысы,
Ақындық - олең-жырдың оқ-дәрісі.
Өмірді қондыратын олеңіне
Ақынның тіріде жоқ тоқтағысы...*

*“Жігітке жеті өнер де аз” дегенді
дәлелдеп берген бар ма лезде енді?
Әрине, бар! Ол – атақты Сегіз сері,
сан талай тамсандырған өзгелерді.*

*Ол озі Сегіз десе, Сегіз екен:
онымен сегіз опер егіз екен!
Халықтың небір ән мен дастандары-
алыптың мәңгі өшпес көп ізі екен!*

3. ШАЛ АҚЫН

*«Он бесте тартып мінген аттың жалын,
сол кезде айтқан сөзі от пен жалын».
Айта алды екі-ақ шумақ өлеңменен,
Қайтарды Құлекенің кеткен малын.*

*Ұстады жиырмада жігіт салтын,
Алдынан қол бұлғады үміт жарқын.
«Бар болса елде сұлу менікі» деп
Нәпсіге бой алдырып, ұмытты артын...*

*Отызда ор қояндай арыстады,
Болса да қандай дүбір қалыспады.
Бүркіттей тасқа қонған талап етіп,
Алдында хан-қараның қарыштады.*

*Қырықта қынаптағы қылыштайсың,
Жебедей ататұғын жыр ұштайсың.
Сескенбес батыр да бір, ақын да бір,
Жауыңды жеңіп қана тыныстайсың.*

*Келгенде ердің жасы елулерге,
Көз салды дінге берік керуенге.
«Құдая, мұсылманның дінінде қыл»,
Түбінде бұйырады ену жерге...*

*Алпыс жас күн екен ғой қоңыр салқын.
Кедейлік безбендетті өмір парқын.
Өлеңге тоқтамаған Шал еді ғой,
Тежей ме тірісінде Тәңір даңқын?!*

*Жетпісте қу төсекке таңды тағдыр,
Жас шықты жүрегіне тамды жаңбыр.
Ақын-ай басы бұлбұл, аяқ дүлдүл,
Семген жоқ тәнмен бірге мәңгі бақ жыр.*

*Арына адалдықпен асқан бағы,
Жалқы сәт жыр жолында жасқапбады,
Алладан жарлық келген жаз айында
Жұлдыздай ағып түсті аспандағы...*

4. ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ

(Жазушымен кездесуде оқылған өлең)

*Бесік болып тербеткен атамекен
Жүрегіңде жазылып жатады екен.
Ат арытып, алыстан келген ұлы
тебіреніп,
оған тіл қатады екен...
Бұл махаббат арманға асық кезден
басталады
балалық... машық кезден...
сол махаббат құтайған
қымбат ұлы
қарайды екен жеріне
ғашық көзбен.*

“Дала бар ма
Есілдің даласындай!?
Қала бар ма
Қызылжар қаласындай!?
Мұндай мекен жаһанда бар ма екен?!
Шіркін, туған жеріңнің бәрі осындай!

Табаныма тигенде топырағың,
Көкіректегі кернеді
нөпір ағын...
жанарыма жасырдым
жас күнімді,
жайқалғанда жап-жасыл жапырағың...

Сағыныштың селіндей ақерке Есіл
тербетіп тұр
даңғайыр дән өлкесін.
Туған жердің келбетін көшіріпті,
Айдынына түсіріп колеңкесін...

Дарқан дидар даланың коркі Есілім,
сен бір күре тамыры
жер төсінің.
Саған деген сарқылмас сағынышты
толқыныңмен таратшы,
ерке Есілім.

Революция таңында қызыл жалын
оңшең өрен: ұлы от, қызы жалын
күрескерлер атойлап атылғанда
мен де ортада болып ем,
Қызылжарым.

*Ең даласын Есілге құндақтаған
Қызылжарым қашаннан қымбат қалам.
Ұмытылмас
Сендегі сайран күндер.
Қайран күндер, қымсынбай тіл қат маған.*

*Ей, “Елтіңжал”, жасарып жайна дәйім,
Ақ қайыңды арудай айналайын.
Айта берсе,
Алғысым толып жатыр,
Атамекен, атыңнан айналайын!”
Туған жердің дидарын мүсін етіп,
(арда жүрек тосыннан дүсір етіп)
атамекен атынан мың айналып
тебіреніп тұр
Ғабит Мүсірепов.*

5. СӘБИТ МҰҚАНОВ

*“Көркем сөзге қаламы
көрмеген әсте мұқалып.
Мұның жазған адамы
Кәдімгі Сәбит Мұқанов”*

*Қайтыс болды дегенде
билей алмай бойымды;
қан тоқырап денемде,
жалғай алмай ойымды;*

*Жүрісінен жаңылып,
жүрек кетті дүрсілдеп.*

*Тыныс-демім тарылып,
Бас зеңіді, құр сүлдем...*

*Жоқ, Сәбеңдер олмейді,
олмейді ісі мәңгілік.
Кейінкерлері сөйлейді
Ғасырларға жаңғырып.*

*Аза тұтса өлімін
Жазылмаған дастандар,
Жалғастырап өмірін
Ботагөз бен Асқарлар.*

*Жанардан жас мөлдірер
«Сырдария» суындай.
«Жұмбақ жалау» желбірер
Тіршіліктің туындай.*

*«Тыңда туған толқындар»,
«Адымдары алыптың»,
«Сұлушаи» та солқылдар
жұбатпақ боп халықты.*

*Коздерден жас тогілген,
Коңілден пәс күй ақты...
Өтті-ау Сәбең өмірден,
«Аққан жұлдыз» сияқты...*

*Көркем сөзге қаламы
көрмеген әсте мұқалып.
Қазақтың абзал адамы, -
Қош бол, Сәбит Мұқанов.*

ІНІЛЕРІМЕ ХАТ

Жаңбырбайға

*Қыр соңымнан қалмаушы едің,
жақсы інім,
сені корсем
еске түсер жас күнім.
Жапанда өскен мендей жалғыз қайыңға
ық болатын
сен ормансың тас түйін.*

*Орман барда
ойыспаймын бораннан.
Дала
қағаз қыста қарға оранған.
Сол далаға
бұтағымен жыр жазған
мен қайыңмын
қар, жаңбырдан нәр алған.*

*Затыңа атың лайық-ақ,
Жаңбырбай,
жүре алмайсың
шөлімізді қандырмай.
Көктем, жазда және күзде
жауа бер,
орманыңды
қара бұлтқа шалдырмай.*

Сені көрсем
түнім өтіп, таң күлген:
қуанамын
қайнап шыққан сан жырмен.
Торқалы той,
топырақты өлім бе
қашан болсын
қарсы ал мені жаңбырмен.



Абайға

Ардақтысың
арда өскен, Абай інім,
сен қарағай,
төбеңнен қарайды күн.
Қысы-жазы
жап-жасыл болып тұрып,
сен де өткіздің
өмірдің талай жылын.
Сен қарағай,
қылқаның шашың деймін,
ақ түспеген шашыңды
асыл деймін.
Жаздың нұрлы бояуын
жоғалтпаған
сенің бағаң
талайдан басым деймін.
Бір-ақ нәрсе
жүректі жаралайды,
соны ойласаң
бойыңа ас тарамайды.
... Ештеңеге,
ешкімге иілмейтін
Құдай оттан сақтасын
қарағайды!

МАХАББАТ МАУСЫМЫ

Шілдеден асқан ай бар ма?!
Үйленудей ал той бар ма?!
Жайсаң жаз, жарқын махаббат
Жетелер керім ойларға...

Шілде ғой жаздың шоқтығы,
шыжғыратұғын от күні,
Айнала бәрі жап-жасыл,
көк зеңгір аспан пәктігі.

Құстары қандай сайраған?!
Жасай бер, дүние жайнаған!
Шілдеден асқан жоқ маусым,
қызыққа адам тоймаған.

Махаббат айы шілде осы,
көңілдің келер кіл хошы.
Уайым-қайғы деген жоқ,
ғашықтар үшін жыл басы.

Шілдеден асқан бар ма ай?!
Шымқай көгілдір бар маңай.
Қосылды, міне, қос ғашық,
орындалған, о, арман-ай!

Әттең, шілде тұрмайды,
уақыт шіркін зырлайды.
Жаздан кейін күз келіп,
сап-сары толқын тулайды.

*Одан кейін қыс келер,
әлем әппақ түске енер.
Көктемді айтсайшы одан да,
Тәтті де тәтті түс корер...*

*Уақыт қалай тез еді,
Жаздың келер кезегі.
Бал махаббат былтырғы
Көк аспанды кезеді...*

*Шілдеден асқан ай бар ма?!
Үйленудей ал той бар ма?!
Жайсаң жаз, жарқын махаббат
Жетелер керім ойларға...*



КӨКШЕНІҢ КӨЗДЕРІ

“Сексен көл Көкшетаудың саясында”
Сәкен.

*Қараймын дүркін де дүркін:
Көкшенің көлдері-ай, шіркін!
Коргенде көзіңді тұсап,
Жүргенде жетпейді бір күн.*

*Құрағы жап-жасыл кірпік,
бұлағы таулардан үркіп,
айдыны айнадай жайқын,
жүгірген жұпарын бүркіп.*

*“Қосколге” қарашы барлап:
шарқ ұрған шағала шарлап
аядай айдынды кезген,
жоқтауын Ақанға арнап...*

*Құлаққа қондырды шуын:
“Саумалкол” сапырып суын.
қабактай қабарған жары
сыңсытып сөйлетті нуын.*

*Шоқанның ойына сусап,
Қалғиды қастерлі “Қусақ”.
Жағада эпостан шыққан
Жылқылар жатады жусап.*

*Ал анау ұлан су “Ақкөл”,
телегей теңізге шақ көл.
Көкшенің кеудесін керіп,
толқынын желекке жапты ол.*

*Көкшенің көлдері-ай, шіркін!
қараймын дүркін де дүркін.
Көргенде көзіңді тұсап,
жүргенде жетпейді бір күн.*



Сапарбек МАХМЕТОВ

*Арғымаққа ұқсатам өзіңізді,
Аяқты алысқа басатын кезіңізді.
Ат жалындай шашыңыз күдірейін,
Сыздықтатып айтасыз сөзіңізді.*

*Арғымақтың айыру қиын жасын,
Тұяғында шаң-тозаң құйындасын.
Жылдар атты, адамды ағарта алмай,
Жердей қара шашты әлі шиырласын.*

*Қыстыгүні қар теуіп, тапқан қорек, —
Қазақ үшін түк те жоқ аттан ерек.
Қайтпас қайсар, қайратты адам қандай?!
Сондықтан да дәл сізді мақтау керек.*

*Бұлтиятын баладай күлсе оңі, -
Сізді алпыста дегенге кім сенеді?!
Алпыс жылың, тәйірі, алпыс жол ғой,
Мәтел бар ғой: “Жол, - деген, - жүрсе өнеді”.*

*Сапар алыс әлі де, Сапар аға,
Тоқсан деген жетіңіз шекараға.
Қойсарының шалдары сонда жатыр,
Жеңгемді де сол жаққа апар, аға.*

*Әкеңіз бен әкеміз сырлас еді,
Аралары көп болса он бір жас еді.
Отыратын жарты күн шүңкілдесіп,
Баяғыдай шақырмай қырда шобі.*

*Шыққаннан соң зейнетке біз екеуіміз
Екі үйдің арасын із етерміз.
Үкіметтің ісінен қол тимеп ед,
Бұл қатені өлгенше түзетерміз.*



СОҢҒЫ ЖЕҢГЕМ

(Әсима Қожабекқызына)

*Соңғы, соңғы... Бұл не деген суық сөз?!
Кәрілігің жетті қалай қуып тез?!
Одан-дағы оралайық жас кезге,
О, жастық шақ, шашы қара, тұнық көз.*

*Едіңіз-ау еркін, тағы еліктей,
Сонда-дағы жоламады жселік кей.
Мына өмірге керегі жоқ есепті,
Күн-күн сайын шығардыңыз зерікпей.*

*Білесіз ғой: мен де сізді қолдадым,
Сіз басқарған үйірмеден қалмадым.
Қиын да екен, қызық та екен бұл есен,
Ұқтырдыңыз, міне, бізге сол жағын.*

*Сіз жымылып тұратынсыз тек қана,
Коздеріңіз мейірлі еді қап-қара.
Сізден қатты сөз естімей шәкірттер,
Балапандай шүпірлейтін шаттана.*

*Сабағыңыз сәтіменеп отетін,
Алаң етіп қарасаңыз... жететін.
Міне, осының бәрі де артта қалды ғой,
Құс сияқты көкке ұшып кететін.*

*Сіз бейне бір тұрған жалғыз қамалсыз,
Сөзіңізбен есетұғын самалсыз.
«Соңғы жеңген», - деп телефон шаласыз,
сондай сәтте күлеміз кеп алаңсыз...*

ҰСТАЗЫМ

(Марқұм Бақыт Мұстафинге)

Жақсы көріп,
еліктедім саған мен,
сөз - мұхиттан маржан сүзген
қаламмен.

Жазғаның да,
сызғаның да зибрат,
кіргізуші ең
әр сөйлемге аманда өң.

Терезеден
тысқа бірер қарап ап,
кететін ой
кең дүниені аралап.

Ұстазыма
ұқсап бақтым мен-дағы, -
көз алдымнан отіп
бар ел, бар алап...

Бара-бара еліктедім
өзіңе,
қалжыңымен қиып түсер
сөзіңе.

Жолықтырған
тағдырыма ризамын, -
отыздағы
ең бір ойшыл кезіңе.

Әлі есімде
үстіндегі пальтосы.

Жылы ұядай
қолына екі қалтасы.
Келер жылы
мен де сондай пальто алдым.
Еліктеудің
ерсі емес салты осы.

Жаман әдет,
оган үйір қылмадың.
Бас иетіп
қасиетің бұл мәлім.
Ең алғашқы шәкіртіңмен
менімен -
стақанды
бір де бір соқтырмадың.

Сен де, мен де
Алматыда қалмадық.
Екеуіміз де
Туған жерді таңдадық.
Біз батырмыз:
қолда қалам-найзамыз,
қаламгерде бұдан ауыр
Бар ма жүк?!

БЕКЕТ ТҰРҒАРАЕВҚА

*Басында кеме қалдырған,
«Әулие» дейтін әрбір жан;
мысыңды басып тылсымы,
мұнартып тұрған сан қырдан,-
Қазығұрт туған топырақ,
қанатын құстың талдырған;
алтыннан Айы аумайды,
күні ып-ыстық тандыр нан,-
Қазығұрт артта қалып ед,
Қызылжар шықты алдыңнан;
үздік те создық үш маусым
жұпарын шашқан жаңбырдан;
қыс болса ақ тау тұрғызып,
қар елер қыры зор қырман,-
қаланған қызыл қышын айт:
әдебиет пенен ән-жырдан;
осыны ұққан мәрттігің
қолыма қалам алдырған;
алқалап тұрған әлеумет
айналды сендей даңғылдан;
жақсылығыңнан жазбаған
жолыңа сенің мал құрбан!
олгенімізді тірілткен,
өшкенімізді жандырған;
бабаларымызға бас иіп,
басына күмбез салдырған;
өлеңді жерді жайқалтып,
өнерлі жерді жол қылған;
аз қызығымызды еселеп,
аз қазағымды мол қылған,-
саған алғыс, би Бекет,
бізден - Керей, Арғыннан!*

26 қазан 2009 жыл

НАР ТӘУЕКЕЛ

Нар тәуекел!

*Қолға алдым қалам ақын боп,
(жаралған екем жыр азабына жақын боп...)
Осынау дарын дарытқан дүлдүл дәуірдің
дастанын жазбай жүруге менің хақым жоқ.*

*Ақындар деген тұлпарлар тектес арынды,
маздатам мен де жүрегім жаққан дарынды.
Өмірім өлең, өлеңім өмір деп біліп,
беремін бақи болмысқа біткен барымды.*

*Өмірім мынау секундын санап зырлайды.
Қызығы қандай?!
Мың мәрте тыңдап жырлаймын.
Дүниеден дара барқадар таппас бақыр бас,
жырқұмар жүрек жырламай... сосын тұрмайды.*

*Халыққа созам,
жалықпай созам қол ұшын,
ес білген кезден баз кешпей жүрген борышым.
Ақындық емес, азамат болу парыз ғой,
Борышқа балап жүргенім жырлап сол үшін...*

*Сырласым менің,
құрдасым менің өлеңім;
жолынан жазбай, соқпақтар салып келемін.
Барсам да қайда қалмайды менің қасымнан,
уақытқа қарап,
бақытқа балап еремін...*

1960-шы жылдар

МОНОЛОГ

*Қолымда қаламым бар сөз зерлейтін,
Қалтамда дәптерім бар өзгермейтін.
Тұрғанда осы екеуі қаруым боп,
Мен баймын мұң мен нала кез келмейтін.*

*Содан да мәз-мәйрам боп мақтанамын,
Тыңдаймын: көктем күйін, ақ таң әнін.
Құстардың құйқылжытқан үні түгіл,
Қоңыр жел сипап өтсе бақ табамын.*

*Өйткені, бәрі менде: аспандағы ән;
Жапанның жол-сұрлеуі басталмаған;
Гүлдеген көктемде алма ағашы
Баршасы құт-байлығын қосқан маған.*

*Сәттілік сәтсіздікпен алмасады,
Сонда да жеткізбес жол жалғасады.
Шырылдап от-кеудемде перзент-өлең
Аяғын апыл-тапыл ол басады.*

*Әйтеуір, қолда қалам, қойын дәптер,
Мұндайда жалғыздықты мойындап көр?!
Тек қана ақын, жұртқа жақын болып,
Халықтың ой-арманын пайымдап бер!...*

ЖАЗ

*Шырайын шуақ шалған
шаңқан жазым,
арнаймын
көңілімнің дарқан назын.
Жер де көк,
аспан да көк – бәрі де көк,
Келеді көкке ұшырғың
жалқы ән сазын...*

*Жайнаған
жидегімен, жемісімен
даланың өрі түгіл,
еңісінен
Күн шеңбер
алтын шардай домалайды.
Мен мәзбін:
“Мәңгі гүлден!” деп ішімнен.*

*Күнгей мен кеңдік, мәрттік
маусымы бұл,
қырларды
құшағына қаусырды гүл.
Жаз осы
менен ада мұң мен нала,
мұндайда
әр адамның жан сырын біл...*

Бесіктей тербеледі
арда жүрек,
тағдырдан
бұдан артық бар ма тілек?!
Кең дала
жағажайға айналатын
жазды айтам:
жалпақ елдің арманы деп.



ҰҢҒЫ КӨЗДЕР

Маңдайында
қос ауыз „мылтығы” бар,
қылт еткенді
атуға құлқы құмар,
екі көзі
ұңғыдай үңірейген
адамдарға ашынсам,
ұлтым ұғар...

Қараса олар
өтеді өңменіңнен,
қушияды
дүние кең көрінген.
Қозғала алмай қаласың
қоян құсап,
арбауына жыланның
көпгеніңнен.

Болмаса да,
әрине, айыбы мың,
дәл көзіне тигізер
зайыбыңның.
Майдайына
үп-үшкіл сүйел шығад,
жүргеніңде жүз ойлап
жайын ұлдың.

Қызыңды да
Ұңғы көз жаралайды:
басады оны

белгісіз қара қайғы.
Қара түннен қорқады
көр тұрғандай,
ұқсатады қылышқа
орақ Айды.

Көз тимеген мүшең жоқ
өзіңнің де,
жасаурайды жайдан-жай
көзің күнде.
Оқтары атқан айналды
бір-бір безгә.
ойыңа алсаң,
таусылар төзім мүлде.

Кім бар екен
көз оғы дарымаған?
„Жаралы” боп көрінед
бәрі маған
Көзі шығып кеткірлер
қырса-дағы,
іші олген, сырты сау
халық аман!

... Көзімнен нұр,
сөзімнен өлең борап,
айналама
құмарта келем қарап.
Ұңғы көздер
Көшеде қарсы келсе
Оқтарынан жалтарам,
төмен қарап...

ӘЙЕЛ СӨЗІ

*Коремісің: қоңілсізбіі мен бүгін.
Сенемісің: сенен басқа енді кім?!
Көлгір сөз бен көбеген іс керексіз,
пәк жаныма жүгінетін келді күн.*

*Жетелеші, жебелеші жолсызбен,
жасан жүрмеген, жасан тимеген елсізбен.
Қуанышпен қауышайын қол жетпес,
аңсаумен адасамын онсыз мен...*

*Жанарымды жуып кетті-ау лағыл жас,
Сезім екен екі мәрте сағынбас.
Мұндай мезет сәл кереғар болғанмен,
Шын қуаныш шынтауытқа бағынбас!..*



ЖАРАТҚАННЫҢ СЫЙЛЫҒЫ

(Әнтай жездей мен Айман тәтейге)

*Почта тартқан поездің жолсерігі,
Бұл жұмыс та білгенге ел сенімі.
Жер кордіңіз, қаншама ел кордіңіз,
Қуанатын әр адам корсе мұны.*

*Тәтем болса жүрмеді жылы орнында,
Мал қайырып ол тұрды бір орында.
Сұп-суық ет, суық күн тоңдырса да,
Сарықпады ешқашан шыдамын да.*

*Қазір ұмыт, мінеки соның бәрі,
Өзін-өзі емдейді көңіл дәрі.
Артта қалып барады жетпіс деген,
Баяғыдай тәп-тәтті өмір нәрі.*

*Мына алтын той сыйлығы Жаратқанның,
Несібесін пендеге таратқан мың.
Аты қандай жақсы еді «алтын» деген,
Алтын шашсын аспанға қаратқан Күн.*

*Жарты ғасыр дегенің небір іздер,
Алты бала алты ізге сеніңіздер.
Қалған өмір тек қана тоймен өтсін,
Алтыннан да асылын көріңіздер.*

Зарқын ТАЙШЫБАЙ

*Сенің өмірбаяның
қарапайым:
Оны аудандық газеттен
Таратайын.
Ұмытылмас ешқашан
«Ленин туы»
ұясынан ұшырған
балақайын.*

*Содан кейін шақырды
Қарағанды,
Магниттей тартатын
бар адамды.
Облыстық газеттің қызметкері,
Қара сөзің
Қар болып бораған-ды.*

*Отыз жылың
Осылай газетте өтті,
Дедектетті,
Біресе безектетті.
Редакция біткенге
Көп рахмет,
Олар сені
өр де етті, өжет те етті.*

*Журналистер ұстазы
болғаныңды айт!*

*Қиын болды:
артта да, алда құмайт.
Бірде кітап,
Біресе кісі іздеген
еске түсіп кете ме
Сондағы жәйт?..*

*Қызылжарға
Қалаңды айырбастап,
Көшіп келдің
Ниетпен бауыр баспақ.
Журналистер бөлімін
Ашқан сенсің,
Бұл тамаша ісіңді
Тәңір қостап.*

*Адымдай бер
Айшықты ізің барда,
әрқаиан да
қаратып жүзіңді алға.
Саған айтар тілегім
Біреу ғана:
Қара шашың ағарсын
Қызылжарда!*

СОҢҒЫ ҚАР

Күні кеше
қасат қарлар сөгілген;
қасаң жерге
топан жаңбыр төгілген;
бұлт бүркеніп,
қар жастанған Күн балқып,
дала демде күншуаққа көмілген.

Бүгін, міне,
Аспан нілдей бұзылды,
Көк жүзінде
қар жолдары сызылды;
бұр жармаған бұтақтағы
тамшылар мұзға айналып,
моншаққа ұқсап үзілді...

Күпсек қар-ай!..
Жұлдыздардан аумайды;
көбелектей қалықтайды,
аунайды...
Жақсы адамның ашуындай
тез еріп,
мөлдір көзді тамшы болып
саулайды.

Өтейтіндей
Қыстан қалған қарызды,
Далдалады қар
бар жолды, бар ізді...
... Шашу шашқан сәуірдің
қар гүлдері
көктем күткен
бәйшешектер тәрізді

САҚАЛ ЖӘНЕ СЕЛЕУ

Топырақтан жаратылдық
бәріміз,
топыраққа айналамыз
әлі біз.
шөп шығады үстімізге
ұп-ұзын,
алмасады
қыс, көктем, жаз, сары күз.

Ажал, ажал...
Ол тажалға жоқ теңеу.
Өледі адам:
жас, кәрі я кекселеу...
Иендегі
қабірінің басында
изеңдейді
жылдар өте ақ селеу.

Астында оның бабаларым жатыр ғой,
барлығы да
аяулы деді ақылғой.
Ажал жұтты
Жер жарылып кеткендей,
Сыртта емес,
іште қалып ақырғы ой...

Аталарым
жоталарым теңкиген,

көңге айналды
киімдерің сен киген.
Ал шыбын жан
көкті шарлап жүр ме екен,
сақалдарың ғана қалып
жсел сүйген...
Жермен-жесекен болып кетсе
не кеуде,
айналады
ақ сақал ақ селеуге.
Бабалардың абыройы,
беделі
жерді жарып шықса,
болар “О!” деуге.

Шежіреден іздеп
әркім таба алар,
жер астында жатқан
талай дана бар.
Айналғанша ақ селеуге
сақалым,
ұмытпаймын мен сендерді,
бабалар!



КЕДЕЙІМ, КЕРБЕЗІМ

Қазағымның
кедейлікпен елі егіз,
қаниама жыл:
қоңторғай боп келеміз.
Міне, қызық:
қызылымыз қашқанмен,
кербез болған қалпымызда
өлеміз.

Кербездікпен қалдырсақ та
тарихта із,
кедейліктен құтылмаған
халықпыз.
Ақындары,
шешендері,
билері
жарлы болған жалпақ елің
анық біз!

Біздің тарих
кедейліктің тарихы,
онда
қырсық, жалқаулық пен бар ұйқы.
Соның бәрін бүркемелеп
кербездік,
кіргізбейді орамына
кәрі иті.

Ұлттың
біткен болмысына шендесе,
екеуін де
ақын айтсын ендеше.
Жарты ғасыр
бір өкілі боп жүрген
жібермеспін,
жырға қоссам, мен де есе!

Не батады,
білесің бе, ал маған?
Нөпір халық
бір науан үй салмаған!
ортасында
ну орманның отырып,
үй салуға
шым ойыппыз жалма-жан.

Жизанымыз
алтын да емес, пұл да емес.
Өрмек құру,
киіз басу,
құр кеңес...
Табыла ма
аз ақылға мол дәулет,
қалып жатсақ
бәрінен де жылда кеш...

Жайбасарлық жарылқаған
уа, кімді?!

Жарлы кербез
тыңдаған ба ақылды,
бала күнгі велосипед
болмаса,
баса алмады
машинаға тақымды.

Мың, миллион
қалада да санымыз.
Түспес
гараж, саяжайдың маңына із.
Авто мініп,
бақша күтіп көрмедік,
атар біздің
оларсыз да таңымыз.

Кедейлік ол
іш қазандай қайнаған.
Мүкәммал жоқ
үйімізде жайнаған.
Әйел жүдеу,
бала-шаға аш болса да,
даңғазамыз:
қайда жиын, қайда ән?

Бүйіріміз шығып
тамақ ішпейміз,
есесіне
киімді дөп түстейміз.

*Бір киермен
шыға келсек сықып,
ұнатқандай
ұшырасқан іштей қыз...*

*Әттең, шыр жоқ:
шодырайған жағымыз,
әйтсе де оған сынушы ма ед
сағымыз?!
Өлейін деп жатқанда да
той жасап,
бар тапқанды шашатын кім?
Тағы біз!*

*Біз сәнқоймыз,
жасымыз бен кәріміз;
біз даңғоймыз,
осы отырған бәріміз!
Біз дегенің
сыртқа жүнін қампайтар,
білдірмейтін арықтығын
бөріміз!*

*Бола ма екен
міне, мұндай елде ездік?!
Мұндай елім!
Кедей жанын әр кезде ұқ!
Сырт жалтырап,
іш қалтырап тұрады-ау,
жалт-жұлт еткен, қалт-құлт еткен
кербездік...*

АҒАЙЫН

Жұмаш жиен ағама арнаймын.

Автор

*Алпыс екі тамырыңа тараған
қаны бірге, жаны болек дара жан
ағайынның әрқайсысын аяулы,
беттен сүйіп, сүйсіне бір қараған...*

*Зыр қақса да бала-шаға қамы үшін,
ойлайтыны сенің арың, намысың.
Оған мақтан құдай берген мәртебең,
сондықтан да жігеріңді жанысың.*

*Оттан ыстық шығар оның құшағы,
балаңды да бауырына қысады.
Сүйегіңе бу енгендей балқисың,
қарияның қайтпапты ғой күші әлі...*

*Көбі олардың тұрып жатыр елде есен,
Сағынасың бірақ көптен кормесең.
Өзі түгіл, балаларын ойласаң,
Түсіп кетер қолыңдағы зер кесең.*

*Солар ғана саған берер қол ұшын,
Жүз орындап ағайындық борышын.
Тар кезеңде танылады туыстық,
ағайынға алғыс айтам сол үшін!*

*Өтінемін: кеудеңе нан піспесін,
Борі-тірлік, мейлі, аяқтан тістесін!..
Ыстық, суық – бәрін бірге көрейік,
Ұшыраса берсін талай істе сын.*

*Өмір, өмір... Сапар алыс, жолың қар,
Торқалы той, топырақты өлім бар.
“Бірге туып, бірге олмек жоқ” десе де,
Бір діңдегі бұтақтардай болыңдар!*



АДАМ-АУЫЛ (Әлкен Шалабаевқа)

*Туған жермен тұтасып кеткен, Әлкен,
сенің тұлғаң еліңе көптен ол тең.
Туған жердің картасы сенің өзің,
Пішілсе де мол денең, әттең, сәл кем...*

*Шұбар жолы және де Мектеп жолы -
Екі аяғың дейіңкі ептеп оны...
Жарғайың мен Ырғызбай жолдары ма -
Олар сенің созылған көкке қолың.*

*Итаяққа дейінгі кең жазира -
Көкірегің сөзге бай кең-қазына.
Сенің сөзің - Есілдің шалқар суы,
Ағып жатқан іргеңде ел бағына.*

*Дөңгеленген Ырғызбай басың делік,
Екі көлі екі көз асыл көрік.
Туған жермен тұтасып кеткен, Әлкен,
Бірге қартай Өрнекпен жасың келіп.*

*Жүрегіңді ұқсатам жартасына,
Орнаған қақ ауылдың ортасына.
Жүрісінен жүрегің жаңылмасын,
Кіршік түсе көрмесін әр тасына.*

*Туған жермен тұтасып жатқан, Әлкен,
Өрнек жері жамылған мақта көрпең.
Көсіле бер, нағашым ең ақырғы,
Көсіле бер, мәңгілік мақтан өлкем!*

5 тамыз 2000 ж.

ҚАЛАБАЙДЫҢ ҚҰЛПЫТАСЫНДАҒЫ ЖАЗУ

*Екі елдің еркін өскен еркесі,
Есік ашты оған нарық өлкесі.
Бәйге атындай андыздады күні-түн,
Екпініне солқылдады жер тосі.*

*Дарқандығы еді-ау, шіркін, даладай!
Албырттығы бұлаңдаған баладай.
Мейірімін төккен еді мыңдарға,
Мың жыл бойы ұмытылмас Қалабай!*



АҚЫННЫҢ ҚАЛТАСЫ

“Қалтамның түбі тесік...”

Шашубай ақын.

*Айқара ашсын алдан үміт есік,
Ақынға қалтасының түбі тесік;
Кездік қой қылпып тұрған өлең деген,
Кеңітед одан сайын жібін кесіп...*



АДАЛДЫҚҚА ОДА

Айналайын дәл осындай адамнан!
Аңқылдаған сөзі аумаған самалдан;
бойы сендей, ал саясы емендей,
жанға рахат: жай тауып, бір дем алған;
оған қарай ұмтыласың сондықтан,
тас түнекте көрінгендей шам алдан;
құлық, сұмдық бәрі оған жау болса да,
соқа басы сескенбейді қамалдан;
дұшпандардың жаласынан, әрине,
көңілі жыртық: қырық жерден жамалған;
аққа Құдай жақ екенін біледі,
аттап өтіп кеткен емес обалдан;
салдыратып жүрмесе де құмапын,
салауатты істен сауап таба алған;
шындық үшін шырқыраса, жалғандық
шөлге сіңген судай демде жоғалған;
әттең, жолы бола бермес мұндайдың,
табанына күнде шөгір қадалған;
сонда-дағы иілмейді басы оның,
бар себебі біреу-ақ: ол адал жан!
кіршігіңді түсірме оған, өтінем,
қоң-қоқысы таусылмайтын, о, жалған!



ҚАЗАҚСТАН

(Селен ДАНИЛОВТАН)

*Аңызға аты айналған аймақ бар десіп,
барғанда ашып тұратын әрбір орда есік,
коктемге балап қазақтың мың сан ақынын,
бір кезде шағыл құмдарға тіккен шатырын
Бабалар басқан еліме келдім қар кешіп.*

*Алатау осы: баурайында гүл жайнайды,
ақ бұлақтары тай-құлындардай ойнайды.
ауылдар анау – ғасырлар шаңын тұр желпіп,
Мен-дағы тұрмын түс көргенімдей бір елтіп,
Лекіген көңіл тапса да тоят тоймайды...*

*Сәтім бұл бейне бабалармен бір тұрғандай!
Ауылдың шайы ып-ыстық якут құйғандай!
Көздерін жұмып қария біткен жылы, ізгі,
олар да біздей сіміріп отыр қымызды,
қыздары да ұқсас: ай нұрлы нәзік түр қандай!*

*Білерім менің: майданға гүлдер сыйлаған
жандардың жаны мөлдір ғой, олар сыйлы ада
біліңдер баршаң: сәлеммен келген сан жұртт!
Қарсы алады екен ауылдардағы албырт күн,
Нұр-сәуле шашып кенересіне сыймаған...*

*Жебелей басып жетемін мен де жырақтан,
үйіде байыз таба алмай, тіпті тұрақтап...
Жұрағатыма қонаққа келген бауырдай
отауға еніп, өзіміз туған ауылдай,
Құлар ма ем ішке табалдырықтан бір аттап.*

ӘЙЕЛ

(Людмила ТАТЬЯНИЧЕВАДАН)

*Кереғар қауесетке
бағынбастан,
сан ғасыр
қыл қаламның шеберлері –
аруға гүлге оранған
табынбастан
әйелді перзент сүйген
бедерледі.*

*Таусылмас
перизаттың сұлулығы!
Бірақ жан жұтаң болса –
күйінемін.
Сәби ғой –
әйелдердің ұлылығы,
нұрланған
дидарындай дүниенің!*



ЖОЛ

(Альфред ПРЯНИКОВТАҢ)

*Кіл су жаңа, көкпеңбек
көлік, шіркін, неткен көп?!
Астық тиіп, жүк артып,
жолдың бойын бермейді;
қарап қаппыз құмартып...
Таң шапағын қарсы алып,
табиғатқа тамсанып;
Қара жолды қақ жарып,
жүріп келе жатырмыз;
жер-дүние жап-жарық!
Маржан мұхит толқиды,
марғау қоңіл шалқиды:
дархан дидар ұнайды, ә!
жүргізуші шақырад:
«Отырыңдар, жұбайлар!»*

*Жо-жоқ, жаяу жүрейік,
аунап-қунап күлейік;
жаяу жүрген жаман ба?
қан тамырдай жолдардың
табы қалсын табанда...*

*Міне, ымырт орнады,
артта қанша жол қалды;
қанша жүріп келеміз:
жеткізбейді жол деген,
жүре де жүре береміз!..*

БАЛА КЕЗДЕГІ ЭКСПРОМТТАР

Шешеме

1.

*Жастықта мен жатырмын өксіп жылап,
Құдайдан сен тіледің мені сұрап.
Қасыма: «Қоя қой!» - деп бір келмейсің,
Отырсын, апажан-ау, қалай шыдап?!*

2.

*Биік қарда ойнайды балақайың,
Қайда барсаң – қалмайды қалақайың.
Қызылжарға әдейі барғаныңда
Әкелгенің мына ескі малақайың.*

ӘКЕМЕ

*Деген соң ата тиді, ата тиді,
Қайысы атасының қата тиді.
Арқамды енді ашып мен қарасам:
Қып-қызыл, біреуленіп бата тиді.*

ӘЖЕМЕ

*Өскен соң қара күпі сыймады ғой.
Бір шәшке қымызды әжем қимады ғой.
Әжеме бұл өлеңді арнаймын ғой,
Енді аяқпен берсе де, бармаймын ғой!*

1950-ші жылдар

ДОС ҚАЗАСЫ

(Константин СИМОНОВТАН)

*Жо-жоқ, досың өлмейді!
Тек додаға түспейді;
Түйір нанды бөлмейді;
Құтырған су ішпейді.*

*Жеркепеді көмген қар
Әнге салмас қамығып.
Пеш түбінде көргенде әр
Жатпас шинель жамылып.*

*Досың бірақ далада
Жоғалғанмен зым-зия, -
Жата алмайды молада,
Жаба алмайды құмды ұя!*

*Жоғалтқан соң досыңды, -
Кек пен ыза бірігіп,
Күш екі есе қосылды,
Өлмес өмір шынығып.*

*Махаббатың – әйелге,
Естелігің – балаңа.
Қара алайда әлемге,
Досың кеткен далаңа.*

*Ажал оғын атады,
Табылғаниша тосқауыл.
Парыз зілдей батады,
Кеміп-кеміп жас қауым.*

*Енді олардың арт жүгін,
Өрттен өткіз күткенін.
Көрсет достық мәрттігін,
Жеткіз-жеткіз жүктерін!*

*Жеткізуге тозбесең,
Мерт болсаң да, бар талап:
Тірілер бар кезде сен
Тастамассың, арқалап...*

*Танымаған танысын:
Жүкті қолдан өткізер.
Шәхиттердің қаны үшін
Жеңіске оны жеткізер!*



АЛПЫСТАН АСҚАНДА

Бәрінен де
бұл жаста тартынасың;
тартынбасаң –
терлейсің, алқынасың;
тамыры ине сұққанда
тыйыласың, –
терең ойға сүңгитін
алтын басың;
жас көңілмен
жатарда кино көрсең –
коз шырымын алмастан
шарқ ұрасың;
тағы да оның үстіне –
түйіншектей
тұрып алар түйіліп –
артық асың;
коз жұмғанмен,
кірпігің айқаспайды,
аунап-аунап
амалсыз сан тұрасың;
шам жақпастан
шынымен ойланасың:
Есіл едің,
енді кеп тартыласың;
қар үстінен
шабытың қарғып аққан,
бұлақ едің,
бір күні сарқыласың;
өмір-өзен

өткелін тосса-дағы,
ми батпақтан шыққандай
малтығасың;
Жекіруге болмайды –
жан адамға:
жансызданып қалады –
жарты басың;
ажалыңнан бұрындау
алса Құдай,
онда ойлайсың:
болар, деп, артыңа сын;
одан-дағы
бәріне басыңды тос,
көкшулан шаш
Көк мұздай жалтырасын;
түнде ғана
жіпситін тұла бойың
күндіз –
безгек болғандай қалтырасын;
басқа түгіл,
басың да кішірейер,
сөзің артып,
ал өзің олқырасың;
алғы жақта –
тұрған жоқ алтын таулар,
тапса екен –
ғұмырдың арты ұнасым;
өсуменен келіп ең –
осы жасқа,
енді ошумен,
өмір-ай, шал қыласың...

ақпан, 2009

ІЗГІЛІККЕ ІЗЕТ

*Мәртебелім,
мейірбаным – мұғалім!
Ілесе алар ең ізгіге
сірә, кім?!
Мың кеудеге сәуле құйған
дарам-ау,
сөнбес Күндей көңіліңді
ұғамын.
Мектеп деген мұзарт –
сенің тұрағың,
Күн астында қанат керген
қыраным.
Балапандай шүпірлеген
шәкірттер –
бөктердегі
жселкілдеген құрағың.
Белуардан келуі үшін
балауса
бөгемейді –
білім аққан бұлағын.
Жазғы желге
бас игенше бал құрақ
жануыштай жұқарады –
шыдамың.
Жасыл құрақ
сусыз, нұрсыз өспейді,
қылыштай боп қылымаса,
бұ да – мін...*

Жалпақ жерге шөп бітірген,
жайсаңым,
жапырыла көрмесе екен –
коғалың.
ізгілігің ұмытылмас,
ей, ұстаз,
ізет қылып тұрғанында –
мына Күн!..



ҚАП ТАУЫ

Тигендей төбең Күнге әрі,
тоғысқан көптің мақтауы;
сәукеле киген шыңдары
қалыңдықтайсың, Қап тауы!

Тақаппарсың-ау сен бірақ:
төменге басты имейсің.
Қалыңдық тауға албырап
қарайды кім-кім – білмейсің.

Мысыңмен басар сұстысың,
мәңгілік тоңдай сіреусің.
Күн астындағы күштісің, –
коктегі бұлтқа тіреусің.

Шыңдарды шалған ауаңды-ай!..
Шау көкіректі ашасың.
Қымызға қанған адамдай
қашай бір аяқ басасың.

Суыңнан молдір сімірсем,
сүрер ме ем ғұмыр бір ғасыр?
Зәмзәмдей нәрге үңілсем,
жатқандай ғажап мұнда сыр.

Топыраққа кім тартпасын, –
тұрғынын көр де, тауын көр!
Тауына тартпау – мәртке сын,
түп аталарың – кіл жауынгер!

*Мұрыннан бұрын мінез де
тартқан-ақ екен, тау, саған!
Сыңары татыр мың езге,
шырқауды олар аңсаған!*

*Үлгісі дерсің тауының
бастарындағы бөрікті.
Дәуірдің көрген дауылын
қарттары қандай көрікті!*

*Бірінен-бірі аумаған
бойжеткендері егіздей.
Орамал көлдей байлаған,
көйлегі болса теңіздей...*

*Сәукеле киген қалыңдық –
Қап тауым, естен кетпейсің!
Ақышның бірақ жанын ұқ, –
кең жазирама жетпейсің!*

Шілде, 2009.



ҚҰЛПЫТАСТАҒЫ ЖАЗУЛАР

*Егіндей болып Егіндіағашта көктедің,
Есейгенде де Сырымбет болды мектебің.
Ел-жұртың дәйім қошемет-құрмет көрсетті,
Еңбегің жанды, теріңді босқа төкпедің.
Сендей-ақ болар атына заты сай адам,
Қош, Әділбек!.. Әділ де едің, бек те едің.
Елің мен жерің, ұрпағың сені ұмытпас,
Сәулесін төгіп тұрғанда анау көкте Күн!*



КӨК БӨРІНІҢ СОҢҒЫСЫ

немесе Мағжан Жұмабаев жайында

(Баллада)

Ол –
көсіліп шапқанда
кеңінен жазған бауырын.
Үй жығардай екпіні
үйірген қырдың дауылын.

Дүние демін алғанда –
Ақ бұлтты
қызыл найзағай
жүндей сабалап болғанда –
Далиып дала жататын,
Думанды еді орман да.

Артынша аптық басылды:
шолақ белсенділер шетінен
шолақ мылтықты асынды;
қара шекпен кигендер
қараптан-қарап басынды.

Бірі – қорқақ, бірі – қу
Түлкі мен қоян қаптады.
Доңыздар бәрін таптады.
Ірк-ірк еткен көп аю
індерінде үнсіз жатпады.

*Көңірсін кетті-ау жер төсі!..
Кең-шалқар жердің еркесі –
Көк бөрі бұған төзер ме?!
Күдірейді оның желкесі.*

*Жаратып, тіпті жылқыны
Қайтсын ол қоян, түлкіні?!
Алқымнан алды аюды
Ашылған аран құлқыны...*

*Басталды кейін қанды лаң.
Қапталап атты таң бұған.
Аңға адам айналып,
Көбейді ізін аңдыған.*

*Қыста –
Бір боран соққанда;
жазда –
бір жұлдыз аққанда;
соңғысы –
желтоқсанда
үш дүркін түсті қақпанға.*

*Кім мұңын шақпас мұндайда?!
Көсіле шапқан күн қайда?!
Есігін ашпай еркіндік,
Ұлыды ұзақ түнгі Айға...
Селеу де сонда иілді,
(шеріңді шөп те тыңдай ма?)*

Өтті өлімге толы күн.
Көкжалдың аты – көкжал ғой:
Көрсеткен де жоқ өлігін!..
Ол еді соңғы көк бөрі!
Соны біліңдер, о, бүгін!...



БЕСІНШІ МҰХИТ

Өлең-репортаж

*Алаудай жсел білеген,
жсалаудай жселбіреген,
ордені жсер-жсиһаның –
ор Күні елжіреген;
даланы дүбірлеткен,
баланы күлімдеткен,
өзегін біріні еткен
өзенін гүрілдеткен;
белдері бұлғақтаған
көлдерді құндақтаған,
суларын сөйлетіп һәм
нуларын тіл қатпаған;
қанатын қайшылаған,
тағатын қамшылаған
достарын қос қанатты –
құстарын қарсылаған;
өлкемнің ақ маңдайын
көркем Күн, ақ таңдай Күн
басатын шұғыламен,
тосатын раһман райын;
сол мезет қыз-қыз қайнап,
елгезек ұл-қыз жсайнап,
трактор қырға шығар,
шырақта жұлдыз ойнап;
диқан мен сан ұрпағы
күлкі-әнмен соһырқады:
батқанда ызғарлы Күн,
атқанда –*

мамыр таңы

*Дүр диқандар тұлпарын тартп ұрғызып,
шалғайына шалқардың шарқ ұрғызып,
ту танаптың тосінен таспа тіліп,
тегеурінді: темірдей қарқын қызып;
дән жаңбырын сеялка носерлетіп,
бұйрат-бұйрат белдерді баса орлетіп,
жүрегіне даланың қан құятын
тұқым тартқан тұлпарды неше өрлетіп,
сүрлеу салып мамырдың серуені,
(білмек болсаң, бұл егіс шеруі еді)
далаға дән дарытар сүмбілеге
көш түзеді –*

көктем – күз керуені

*Келді көктем күні көктем күлімдеп!
Қалың қайрат қырға шықты дүбірлеп:
темір тұяқ тұлпарларым тартп ұрып,
түйдек тартты танап тосіп тілімдеп.*

*Қырсау қыста күміс көрпе оранып
жатқан жапан қошқыл тартқан торалып...
Қалбаңдайды қар қыстаған құ шөптер,
тұлпарлардың шашасына оралып...*

*Соңдарынан сеялкасын сүйреткен
сол тұлпарлар дән жаңбырын билеткен.
Дарқан диқан даласынан дарыған
жомарттықты Жер-анаға үйреткен.*

*Жақұт дәндер жер қойнына ырғиды-ай!..
Көрген көздер кемел сәтті тұр қымай ...
Бұл қазақтың жері – жомарт, ері – мәрт,
Мың бидай боп шыға келер –*

бір бидай

*Дән-дәулетпен диланған алтын аймақ
дария екен: төске ұрған толқыны ойнап...
Сөзің жетпес шалқарға көзің жетпес, –
болмысыңа даланың даңқы бойлап...*

*Әне, егінжай: мұхиттай ағын құшқан,
жер гүрлейді: жүректей алып ұшқан...
Зады, осынау молшылық маусымы үшін
сарғайғандай сартап қыр сағыныштан...*

*Құлдилайды қыраттан комбайндар,
қызыл кешіп, күнұзақ дән дайындар...
Дән туралы осы әнге қосылады, –
жапырағы қол соққан нән қайыңдар...*

*Егіншілер тұлпарын қамшылайды,
ұйқы қашқан жүздерін таң шылайды...
Көктен емес, дән-жаңбыр жерден жауған,
самайлардан масақ-тер тамшылайды.*

*Міне, осы зой нөпір боп келген нәубет,
дән тауымен дарытқан жерден сәулет.
Маңдай терін... өсірген диқандардың
науыт болмаса екен де –*

берген дәулет

Мінекей, элеватор – дән домнасы,
немесе нәубет құйған нан қамбасы.
Ен байлық біткен Есіл өңірінің
осында сақталады ақ дәм-асы...
Әнекей, қызыл керуен келе жатыр.
Есігін айқара ашты элеватор.
Жер иісі бұрқыраған жас бидайды
алтыны бар ақ құмдай елеп жатыр...
Сәлден соң сыртқа шығып бадана дән
бөртініп толысады манағыдан...
Нұр құмар бұла дәндер кетті билеп,
қызылдың қызулығы-ай!.. Қара бұған!
Ал енді ГУАР іске кіріседі,
(домнаның бұл ақырғы жұмысы еді)
Адамдар маржан тиіп вагондарға,
жайдары жарқын жүзбен күліседі...

Элеватор – диқанның Кремлі,
(егіншілер онсыз да үнемі ұлы!)
Маңдай терден тұрғызған осы таудың
дүңкілінде бар оның –

жүрек үні

Ортақ оймен, о, олар жүрді ілгері,
диқандарым – даланың дүлдүлдері.
Астық деген – бесінші мұхитымыз,
көсіле бер, Есілдің сұмбіл жері.

МАЗМҰНЫ

Жыр борайды.....	3
Құран сүрелері.....	6
Дұға.....	8
Бір қиырдан бір қиыр.....	9
Ақ бидай.....	10
Аяқталмаған өлең.....	13
Жүріңдер жыр-бобекті жселеп-жебеп.....	15
Сәуір іңірі.....	16
Жыр азабы.....	17
Кешегінің келіндері-ай.....	18
Қызылжар.....	21
Майдан маусымдары.....	24
Қар әні.....	28
Мағжанның монологтары.....	30
Ойлану.....	36
Тәуелсіздік - туған ұл.....	39
Қызылжарда Ізтөлін көшесі бар.....	42
Әзербайжан төрттағандары.....	45
Тыныштық.....	46
Уақыт.....	47
Жаманшұбар.....	48
Ұйқысыздық.....	49
Ұлы қасқа.....	51
Алғашқы қар. Туды ақын.....	53
Домбыра.....	54
Автопортрет.....	55
Суықторғай.....	56
Жаңа жыл түнінде.....	57
Өлеңнің тууы.....	58
Махамбет Өтемісов.....	60
Бақыт туралы.....	61
Жайлау таңы.....	62
Президент портреті.....	64
Айбекке.....	65
Қазанама.....	66
Ақындар аймағы.....	68

<i>Қожаберген.....</i>	<i>69</i>
<i>Сегіз сері.....</i>	<i>71</i>
<i>Шал ақын.....</i>	<i>73</i>
<i>Ғабит Мүсірепов.....</i>	<i>74</i>
<i>Сәбит Мұқанов.....</i>	<i>76</i>
<i>Інілеріме хат.....</i>	<i>78</i>
<i>Махаббат маусымы.....</i>	<i>81</i>
<i>Көкшениң көздері.....</i>	<i>83</i>
<i>Сапарбек Махметов.....</i>	<i>85</i>
<i>Соңғы жеңгем.....</i>	<i>87</i>
<i>Ұстазым.....</i>	<i>88</i>
<i>бекет Тұрғараевқа.....</i>	<i>90</i>
<i>Нар тәуекел.....</i>	<i>91</i>
<i>Монолог.....</i>	<i>92</i>
<i>Жаз.....</i>	<i>93</i>
<i>Ұңғы көздер.....</i>	<i>95</i>
<i>Әйел сөзі.....</i>	<i>97</i>
<i>Жаратқанның сыйлығы.....</i>	<i>98</i>
<i>Зарқын Тайшыбай.....</i>	<i>99</i>
<i>Соңғы қар.....</i>	<i>101</i>
<i>Сақал және селеу.....</i>	<i>102</i>
<i>Кедейім, кербезім.....</i>	<i>104</i>
<i>Ағайын.....</i>	<i>108</i>
<i>Адам - ауыл.....</i>	<i>110</i>
<i>Қалабайдың құлпытасындағы жазу.....</i>	<i>111</i>
<i>Ақынның қалтасы.....</i>	<i>112</i>
<i>Адалдыққа ода.....</i>	<i>113</i>
<i>Қазақстан.....</i>	<i>114</i>
<i>Әйел.....</i>	<i>115</i>
<i>Жол.....</i>	<i>116</i>
<i>Бала кездегі экспромттар.....</i>	<i>117</i>
<i>Дос қазасы.....</i>	<i>118</i>
<i>Алпыстан асқанда.....</i>	<i>120</i>
<i>Ізгілікке ізет.....</i>	<i>122</i>
<i>Қап тауы.....</i>	<i>124</i>
<i>Құлпытастағы жазулар.....</i>	<i>126</i>
<i>Көк бөрінің соңғысы.....</i>	<i>127</i>
<i>Бесінші мұхит.....</i>	<i>130</i>

Б. Қожахметов.
Жыр борайды. 2009 ж.

Корректоры: Д. Бектасова
Дизайнері: С. Ахмадиева

2009 жылы баспаға тапсырылған.
Офсеттік басылым. Көлемі 7,4 баспа табақ.
60х90. Әріп түрі TimesNewRoman.
Таралымы 500. Тапсырыс № 7700
“Полиграфия” АҚ басылды. Петропавл қаласы,
Қазақстан Конституциясы көшесі, 11